

ТАНЫМАЛ ТҮЛЕКТЕР

ОҢТАЕВ БЕЙСЕН СЕЙІТҰЛЫ **(1922-1991)**

Кеңес Одағының Батыры



Онтаев Бейсен Сейітұлы 1922 жылы Ордабасы ауданы, Қараспан ауылында дүниеге келген. Ол – соғыс және еңбек ардагері. Соғысқа дейін Шымкентте ауыл шаруашылық техникумын бітіріп, Отырар, Мақтарал аудандарында жер суландыру жүйесінде жұмыс істеді. 1942 жылы Совет Армиясы қатарына шақырылып, Қызыл тулы 69-Севск атқыштар дивизиясының 120-полкі құрамында соғысқа қатысты. Днепрден өту кезіндегі ұрыста барлаушы Онтаев асқан ерлік пен батырлық көрсетті. Осы ерлігі үшін Б.С.Онтаевқа 1943 жылдың 30 қазанында Кеңес Одағының Батыры құрметті атағы берілді. Б.С.Онтаев соғыстан кейін Шымкент мұғалімдер институтын бітірді. Ұзақ жылдар мектеп директоры болып қызмет істеді. Б.С.Онтаев Ленин, 1-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған. Туған ауылына, ондағы орта мектепке есімі берілген.

ТАСОВА МАРЖАН ТАСҚЫЗЫ **(1923-2002)**

Социалистік Еңбек Ері



Тасова Маржан Тасқызы 1923 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданында дүниеге келген. Ол орталау мектепті бітіргеннен кейін Түркістан педучилищесінде оқыды. 1940 жылы педучилищені бітірген соң, білімін одан әрі толықтыру мақсатында Н.К.Крупская атындағы Шымкент мұғалімдер институтына оқуға түсті. Иституттың бірінші курсына оқып жүрген кезде Ұлы Отан соғысы басталады. Маржан Тасқызының оқуға мүмкіндігі болмай, Алғабас ауданындағы Төрткүл орталау мектебінде қазақ тілі пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастайды. Соғыстан кейін мұғалімдер институтындағы оқуын жалғастырып, оны 1948 жылы аяқтайды. М.Тасова 1956 жылы Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтын бітіреді.

1943-1946 жылдары Қызылқұм (қазіргі Отырар) ауданындағы әл-Фараби атындағы орталау мектепте директор болып жұмыс істеді. 1946-1952 жылдары Шымкент облыстық партия комитетінде нұсқаушы, қалалық партия комитетінде бөлім бастығы қызметтерін атқарады. 1952-1959 жылдары Шымкент қаласында Сыпатаев атындағы №7 мектепте директордың оқу ісі

жөніндегі орынбасары міндетін атқарып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді.

Маржан Тасқызы 1960 жылы Шымкент қаласындағы №2 қыздар интернатында директор болады. 1961 жылдан 1984 жылға дейін Шымкент қаласындағы №12 мектеп-интернаттың директоры қызметін атқарып, 1984 жылы бүкілодақтық дәрежедегі құрметті демалысқа шығады.

1984-1987 жылдар арасында облыстық педагогикалық қоғамның бастығы болды. Маржан Тасқызы өзінің еңбекке толы өмір жолында облыстық кеңестің бірнеше дүркін депутаты болып сайланды. Сондай-ақ, қалалық партия комитетінде пленум мүшесі, облыстық кәсіподақ ұйымы президиумының мүшесі болып бірнеше рет сайланды. Кеңес үкіметі кезінде болған мұғалімдердің бүкілодақтық II, III съездеріне делегат болып қатысты. Өзінің педагогтік іс-тәжірибесінен «Мектеп-интернат және эстетикалық тәрбие» деген еңбек жазды. Кезінде бұл еңбек бүкіл республика мектеп-интернаттарына озат тәжірибе ретінде таратылды.

Республикаға, одаққа танымал болған ғалымдар, қаламгерлер, академик Ө.Жолдасбеков, С.Темірбеков, Ә.Монтаев, Е.Мырзаев, Ә.Әлиев, Т.Қазақбаев, Т.Қалменов, А.Ақаев т.б. көрнекті тұлғалар М.Тасованың қолында тәрбиеленген. 1977 жылы қазан айында Маржан Тасқызы Монғолия халық республикасына Шымкент облыстық партия комитетінің делегациясымен бірге барып қайтты. Ұзақ жылдардағы педагогтік қызметі үшін Маржан Тасқызы «1941-1945 жылдардағы Отан соғысы кезінде үздік еңбегі үшін» медалімен «Еңбек қызыл Ту» орденімен, «Лениннің 100 жылдығы» медалімен», «Қазақ КСР-інің, «КСРО-ның озат мұғалімі», «Ұлы Отан соғысының 20 жылдығы» және 30, 40, 45 жылдардағы медальдарымен марапатталды. 1978 жылы Маржан Тасқызы Кеңестер Одағындағы ең жоғары марапат – Социалистік Еңбек Ері атағын алды.

Маржан Тасқызы өзінің бүкіл өмірін жастарды тәрбиелеуге арнады, елінің болашағы үшін аянбай тер төкті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 03.10.2003. жылғы қаулысымен, Шымкенттегі №12 мектеп-интернатқа осы мектептің негізін қалаған ұлағатты ұстаз, Социалистік Еңбек Ері Маржан Тасованың есімі берілді. Мектеп-интернатта М.Тасоваға арналған мұражай бар.

**АСЫЛБЕКОВ МАЛИК-ХАЙДАР ХАНТЕМІРҰЛЫ
(1929-2015)**



*ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі,
тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік
сыйлығының иегері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері*

Асылбеков Малик-Хайдар Хантемірұлы 1929 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданы, Шардара ауылында дүниеге келген. 1948 жылы Шымкент мұғалімдер институтын, 1954 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірген.

Еңбек жолын ауыл мұғалімі қызметінен бастайды. Жас болса да ол өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсіп, оған орта мектепке жетекшілік ету сеніп тапсырылады, кейінірек Қызылқұм аудандық оқу бөлімін басқарады.

1958 жылы А.Н.Нүсіпбеков, Б.С.Сүлейменов, Г.Ф.Дахшлейгер және т.б. аға буын тарихшы-ұстаздарының шақыруымен Алматыға келіп, Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтына кіші ғылыми қызметкер лауазымына жұмысқа тұрады. Осы уақыттан бастап оның өмірі, қызметі ғылыми зерттеушілік жұмыспен байланысты өтеді.

Жас ғалым 1963 жылы ҚазКСР ҒА-ның Қоғамдық ғылымдар бөлімінің ғалым хатшысы қызметіне шақырылды. Бұл қызметте академиктер ҚазКСР ҒА вице-президенті С.Б.Бәйішевпен, бөлімнің академик-хатшысы М.С.Сильченкомен және оның орынбасары С.К.Кеңесбаевпен жұмыс істеуі оның ғылыми шығармашылық деңгейінің өсуіне зор ықпал етті. Ғалым ҚазКСР ҒА Президиумы аппаратындағы әкімшілік жұмысты ғылыми-зерттеу ісімен табысты ұштастырды.

1968 жылы М-А.Х. Асылбеков ғылымдағы әкімшілік жұмыспен айналысуды тоқтатып, өз қызметін тарих ғылымына толықтай арнайды. Алғашында Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтында аға ғылыми қызметкер, ал 1980 жылдан бері бөлім меңгерушісі қызметін атқарады.

М.Асылбековтің 200-ден астам ғылыми еңбегі, 5 монографиясы жарық көрген. Ол терең эрудициялы, кең ауқымды тарихтың сан-салалы бағытын қамтыған еңбектерді дүниеге әкелді. «Қазақ ССР тарихы» бес томдық (көне заманнан бүгінге дейін), «Советтік Қазақстан жұмысшы табының тарихы» екі томдық, «Қазақстан тарихы. Очерктер» қазақ және орыс тілдерінде (1993-1994 жж.), «Қазақстан тарихы» ағылшын тілінде (1998 ж.) т.б. жарияланған күрделі еңбектердің авторы. Бұл түйінді, іргелі еңбектерде ғалым

Қазақстанның ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр тарихының проблемаларын қарастырған.

Ғалымның жетекшілігімен тарих ғылымдарының 10 докторы, 45 ғылым кандидаты диссертацияларын қорғап шыққан.

Қазақстанның көрнекті ғалымы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының бөлім меңгерушісі. М-Х.Х. Асылбеков «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері» деген құрметті атақты иеленді. 2000 жылдан ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі.



ТҰРЫСОВ ЕРКІНБЕК
(1927-2020)

белгілі жазушы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты

Тұрысов Еркінбек 1927 жылы 12 қазанда қазіргі Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Талдыбұлақ ауылында туған. Алғашқы еңбек жолын қатардағы колхозшы болып бастаған, ауылдық кеңестің хатшысы, 1946-1955 жж. облыстық ішкі істер басқармасында қызмет атқарды.

Шымкент пединститутын бітірген соң «Оңтүстік Қазақстан» облыстық газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, меншікті тілші, 1968-1978 жж. аудандық «Алғабас» газетінің редакторы болып қызмет істеген. 1991 жылдан өзі негізін қалаған «Бәйдібек-Сыланды» қоғамдық қайырымдылық қорының президенті.

Е.Тұрысов – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Оңтүстік Қазақстан облысының, Бәйдібек ауданының Құрметті азаматы. Аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланған. Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен екі мәрте марапатталған.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің Оңтүстікке сапары кезінде қасында еріп жүріп, сапарлас-дәмдес болып, «сарқытын» сарқа ішкені шығармаларынан айқын аңғарылатын. Жазушының «Келіншеқтау», «Ақбақай», «Қыран тауы», «Құралай жолы», «Түндер сазы», «Тұлпардың ізі», «Нұржаудың нұрлы түндері», «Темірлан» (қазақ, орыс тілдерінде), «Бәйдібек» (тарихи роман) кітаптары жарық көрген. «Көксеңгір», «Қызыл қаршыға», «Тау тәңірісі», «Ақырғы айқас», «Қайран Сәкен», «Кемеңгердің керуені», «Исаның домбырасы», «Таңғы елес», «Досовтың соңғы күндері»,

«Темірқазық», «Бұлантыдағы ұлы күн», «Талдының тұнық сулары», «Қош, көгілдір Керулен», «Сырлы Алтай», «Алаш туы астында», «Қасиеттің қорғаны», т.б. тарихи-көркем повестер, хикаяттар мен эссе-естеліктері баспадан шықты.

1995 жылы орыс тілінде жарияланған «Алыста қалған» повесі үшін «Славян мәдениетінің мың жылдығы» халықаралық байқауының алғашқы сыйлығын, 2005 жылы «Шығыстың шоң ұлдары» шығармасы үшін халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығын иеленді.

ҚҰДАЙҚҰЛОВ МӘУЛЕН

педагогика ғылымдарының докторы, профессор



Құдайқұлов Мәулен 1931 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Талап кеңшарында дүниеге келген. Бастауыш мектепті Талап кеңшарында, жеті жылдық мектепті Балықшы ауылында оқыды. 1948 жылы Шымкент қаласындағы №7 Қ.Сыпатаев атындағы орта мектепті бітірген.

Еңбек жолын 1950 жылы Алғабас ауданында мұғалім болып бастаған. 1952-1954 жылдар аралығында Шымкенттегі екі жылдық мұғалімдер институтында, 1954-1960 жылдары Шымкент педагогикалық институтында оқып, физика, математика және сызу мамандығы бойынша біліктілік алған.

1954-1968 жылдары Шымкент педагогикалық институтында аға лаборант, кафедра доценті қызметін атқарды. 1968 жылдан осы уақытқа дейін Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында кафедра меңгерушісі, профессор қызметтерін атқарып келеді.

1966 жылы «Некоторые вопросы кинофикации учебного процесса в школах Казахстана» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаған.

М.Құдайқұлов 40 жылдан астам уақыт физиканы оқыту әдістемесі проблемаларын зерттеумен айналысып келе жатқан белгілі физик-әдіскер. Оның 30-ға жуық ғылыми-әдістемелік кітаптары мен оқу құралдары басылып, 350-ден астам мақалалары жарық көрген. 50-ден астам ғылым кандидаттары мен докторларын дайындаған, ұлағатты ұстаз, ізденімпаз ғалым.

КАЛГИНБАЕВ САКИМБЕК

(1936-2015)

*ветеран труда, Почетный гражданин Тюлькубасского района ЮКО,
Персональный пенсионер Республики Казахстан*



Калгинбаев Сакимбек Шаикович родился в 1936 году в Яныкурганском районе Кызылординской области. Закончил Чимкентский педагогический институт в 1960 году и получил специальность учителя русского языка и литературы, казахского языка и литературы.

В студенческие года он активно участвовал во всех мероприятиях института. В 1957 году Сакимбек Шаикович как участник художественной самодеятельности педагогического института делегируется на VI Всемирный фестиваль молодежи и студентов в Москве. В 1958 г. он вместе с Кларой Байменовой, студенткой физико-математического факультета, исполнил танец «Мерген» на сцене Колонного зала Дома Союзов в рамках II Декады казахского искусства и литературы в Москве, войдя в состав делегации от Чимкентского педагогического института.

Трудовую деятельность начал в художественной мастерской Казхуффонда, затем в 1961 г. стал преподавателем кафедры педагогики. С 1963 года Сакимбек Шаикович на комсомольской и партийной работе. Почти 10 лет был директором Ванновского гидромелиоративного техникума, затем секретарем Тюлькубасского райкома компартии Казахстана.

С 1988 г. возглавлял Управление народного образования Южно-Казахстанской области. С 1996 г. вплоть до выхода на заслуженный отдых стоял во главе Секретариата областного маслихата.

На каких бы постах ни работал Сакимбек Шаикович, он везде проявлял себя как профессионал, человек, болеющий душой за образование, он активно участвовал в жизни области, являлся членом Президиума совета ветеранов ЮКО, пользовался большим уважением руководства области.

Награжден множеством медалей, ему было присвоено звание Почетного гражданина Тюлькубасского района ЮКО, он являлся Персональным пенсионером Республики Казахстан.

БОПОВА ДЮЙСЕНКУЛЬ **(1933-2014)**

ветеран труда



Бопова Дюйсенкуль родилась в 1933 году в селе Обручевка Караспанского сельсовета Арыского района.

После окончания неполной средней школы им. Ломоносова в селе Мамаевка переехала в г. Арысь, где, уже работая, закончила железнодорожную среднюю школу №22, после чего поступила на заочное отделение Чимкентского педагогического института (филологический факультет, специальность русский язык и литература в национальной школе).

Дюйсенкуль Бопова начала свою трудовую деятельность в 1951 году библиотекарем в средней школе им. Кирова г. Арысь, затем работала заведующей отделом райкома комсомола, инструктором райкома партии. В 1955 г. она была избрана первым секретарем Арыского райкома комсомола, в 1959 г. – секретарем Южно-Казахстанского обкома комсомола по идеологии, а в 1960 году – первым секретарем обкома комсомола.

С 1963 по 1965 годы Дюйсенкуль Бопова училась в Москве в Высшей партийной школе при ЦК КПСС. После ее окончания, с 1965 по 1969 гг., выполняла обязанности заместителя заведующего отделом организационно-партийной работы. С 1969 по 1979 гг. она заведовала отделом науки и учебных заведений обкома партии. В 1979 году была избрана заместителем председателя Чимкентского областного совета народных депутатов.

На пенсию вышла в 1990 году в возрасте 55 лет.

Активная гражданская позиция, умение творчески подходить к решению социально значимых вопросов, отзывчивость и трудолюбие – отличительные черты Дюйсенкуль Боповой, снискавшей уважение и любовь окружающих ее людей.

Дюйсенкуль Бопова имеет 4 грамоты Верховного Совета Казахской ССР, Орден Трудового Красного знамени, два ордена Знак почета, две медали «За доблестный труд».




САЙРАМБАЕВ ТАЛҒАТ
(1937-2009)

филология ғылымдарының докторы, профессор

Сайрамбаев Талғат 1937 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы), Алғабас ауданы (қазіргі Бәйдібек ауданы), Сыпатаев атындағы кеңшарда дүниеге келген. 1960 жылы Шымкент педагогикалық институтының филология факультетін бітіріп, орта мектепте мұғалім болып қызмет атқарды. 1961-1964 жылдары қазіргі А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының аспирантурасында оқып, бітірген соң, 1964-1971 жылдары Қызылорда педагогикалық институтының «Қазақ тілі» кафедрасында оқытушы болды. 1971-2009 жылдары эл-Фараби атындағы Қазақтың мемлекеттік ұлттық университетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасының доценті, меңгерушісі, профессоры және тіл білімі бойынша кандидаттық, докторлық диссертация қорғайтын кеңестің төрағасы қызметтерін атқарды.

Т.Сайрамбаев 1966 жылы кандидаттық, 1983 жылы докторлық диссертациясын қорғаған. 1985 жылдан профессор. 30-дан астам ғылым кандидатын, 4 ғылым докторын даярлады. 200-ден астам жарық көрген ғылыми мақалалары мен еңбектері бар. Негізгілерін атасақ: «Қазіргі қазақ тілі, I бөлім. Сөз тіркесі» (1973), «Сөз тіркесі құрылысының кейбір мәселелері» (1976), «Есім пысықтауыш» (1976), «Қазіргі қазақ тіліндегі қаратпалар» (1980), «Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері» (1981), «Сөз тіркесі мен жай сөйлем» (1996) т.б. еңбектерін студенттер мен магистранттар, докторанттар пайдалануда.



АЛИПОВА КЛАРА ТУЛЕНДИЕВНА
ветеран труда

Алипова Клара Тулендиевна родилась в 1937 году. Закончила Чимкентский педагогический институт в 1959 году и получила специальность учителя русского языка, литературы и истории. Трудовую деятельность начала в школе №4 имени Н. Островского г.Чимкента. С 1969 г. – на партийной работе. Клара Тулендиевна прошла путь от инструктора до секретаря обкома компартии Казахстана ЮКО.

С 1986 по 2001 гг. возглавляла Шымкентский экономический колледж. Многие годы избиралась депутатом областного, городского, районного Советов народных депутатов. И сейчас Клара Тулендиевна не отдыхает. Она возглавляет ТОО «Сымбат», ведет большую общественную работу в городе Шымкенте и ЮКО, являясь членом комиссии по делам семьи и гендерной политики при акиме ЮКО, председателем правления женского клуба «Кемел», президентом ассоциации «Гражданский альянс ЮКО».

Награждена орденом Трудового Красного Знамени, орденом Трудового Красного знамени и восьмью медалями. Отличник народного образования (1987 г.), Почетный гражданин г. Шымкента (1996 г.), Почетный гражданин ЮКО (2005 г.), Персональный пенсионер РК.

АХМЕТОВА РАИСА РАИМБЕКОВНА
ветеран труда



Ахметова Раиса Раимбековна родилась 20 августа 1937 года в г. Алма-Ате.

В 1961 году закончила Чимкентский педагогический институт и получила специальность учителя русского языка,

литературы и истории. С 1961 г. – на комсомольской и партийной работе. Закончила Высшую партийную школу при ЦК КПСС. Раиса Раимбековна прошла путь от секретаря Чимкентского горкома комсомола до заведующей отдела народного образования ЮКО (1981-1988гг.). Отличник народного образования. Имеет государственные награды. Многие годы избиралась депутатом городского Совета народных депутатов.

И после ухода на заслуженный отдых вела общественную работу в городе Шымкенте и ЮКО.



МОЛДАХМЕТ ҚАНАЗ

белгілі жазушы

Молдахмет Қаназ 1942 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданы, Бекбауыл бекетінде дүниеге келген. 1958 жылы Арал қаласында орта мектепті, 1963 жылы Шымкент педагогика институтының филология факультетін бітірген. 1963-1978 жылдар аралығында Қызылорда облысы, Қазалы ауданында мұғалім, аудандық газеттің бөлім меңгерушісі, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі, аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған.

1978 жылдан 1985 жылға дейін «Жалын» баспасының редакторы, редакция меңгерушісі, 1985-1992 жылдары шығармашылық жұмыспен айналысты. 1992 жылдан «Денсаулық» журналында бөлім меңгерушісі, 1993 жылдан осы журналдың бас редакторы.

Кезінде «Чика – Дабылдың баласы», «Жер кіндігі» повестері жасөспірімдер мен балаларға арналған үздік шығармалардың республикалық жабық бәйгесінде жүлде алған.

«Сонар» (1973), «Жер кіндігі» (1975), «Арна» (1978), «Ақ тайлағым-ай» (1980), «Свет далекого солнца» (1982), «Құм қойнау» (1984), «Старая зимовка» (1985), «Армандай алыс жағалау» (1988), «Экспресс из полярной степи» (1989), «Жаңбырлы жаз» (1991), «Чика – сын Дабыла» (1991), «Қияндағы күн нұры» (2001) деген еңбектерімен қатар 2009 жылы «Сырдария кітапханасы» сериясымен екі томдық шығармалар жинағы жарық көрді.

Әңгіме, повестері мен мақалалары көптеген жинақтарға енген. «Қияндағы күн нұры» повесі грузин тіліне аударылып, Грузияның халықаралық «Саундже» журналының 1989 жылғы №3-4 сандарында

жарияланды. М.Қаназ орыс жазушысы В.Карповтың «Тірілей ұсталсын» романын, В.Распутиннің әңгімелерін, болгар жазушылары Елин Пелиннің бірсыпыра әңгімелерін, Иордан Милеевтің «Шатыр ұста мырза» повесін қазақ тіліне аударды. Молдахмет Қаназ Хиуа, Қоқан басқыншыларына қарсы ғұмыр бойы күресумен өткен, 1856-1857 жылдары Сыр бойы шаруаларының патша үкіметіне қарсы көтерілісінің басшысы Жанқожа Нұрмұхаммедұлы туралы «Кек» атты үш актілі тарихи драма, бірнеше танымдық, проблемалық зерттеу мақалалар жазды. Батырдың өмірі мен күрес жолын баян ететін С.Қалуовпен бірге құрастырған «Ел қорғаны ер Жәкем» жинағы 2007, 2008 жылдары екі дүркін жарық көріп, Алматы қаласы мен Қызылорда облысының Арал, Қазалы аудандарына тегін таратылды.

М.Қаназ – 1975 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының, 1996 жылдан Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш», Ғабдол Сланов атындағы сыйлықтардың лауреаты, Арал, Қазалы аудандарының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері.

КЕНЖЕБАЕВ ТОЛЕУ

*доктор педагогических наук, профессор,
академик Академии естественных наук*



Кенжебаев Толеу родился 17 апреля 1941 года в с. Ленинское Свердловского (Байзакского) района, Жамбулской области.

В 1958 году, после окончания средней школы имени С.М. Кирова в г.Джамбул, поступил на физико-математический факультет Шымкентского педагогического института имени Н.К. Крупской, по специальности «Физика и основы производства», который успешно окончил в 1963 году.

С 1965 года после прохождения службы в рядах Советской Армии работает в высших учебных заведениях г. Джамбула (Джамбулский технологический институт легкой и пищевой промышленности, Таразский государственный университет имени М.Х.Дулати, Таразский государственный педагогический институт) на должностях ассистент, старший преподаватель, доцент, профессор, зав.кафедрой, декан факультета.

С 2006 года по настоящее время – директор Регионального центра повышения квалификации и переподготовки педагогических кадров при Таразском государственном педагогическом институте.

В 1973 году досрочно окончил аспирантуру и успешно защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата наук по специальности 13.00.02.

В 1992 году защитил докторскую диссертацию по теме «Педагогические основы повышения эффективности учебного процесса по курсу общей физики» по специальности 13.00.02.

В 1994 году ему присвоено ученое звание профессора.

В 1995 году избран действительным членом Академии естественных наук.

Автор свыше 200 научных и научно-методических работ, опубликованных в научных изданиях и журналах Казахстана, России, Украины, Узбекистана, Кыргызстана и Южной Кореи.

С 1999 г. по 2010 г был членом диссертационных советов по защите кандидатских, докторских диссертаций при Таразском государственном университете имени М.Х.Дулати, Казахском национальном педагогическом университете имени Абая, Кыргызской академии образования.

Под научным руководством Кенжебаева Т. защищено 6 кандидатских, 2 докторских и 5 магистерских диссертаций, он был оппонентом на защите 18 научных работ. Был членом редакционной коллегии научных журналов: «Наука и образование Южного Казахстана», «Современное образование в Казахстане: состояние и пути реформирования», «Природопользование и проблемы» и др.



ДҮЙСЕБАЕВ КЕЛЕС ӘЛІМХАНҰЛЫ **(1940-2019)**

педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Дүйсебаев Келес Әлімханұлы 1940 жылы 31 мамырда Шымкент облысы (қазіргі Түркістан облысы) Түркістан ауданы Бабайқорған ауылында дүниеге келген.

1963 жылы Шымкент педагогика институтын физика және өндіріс негіздері мамандығы бойынша бітірген.

1975 ж. педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін кандидаттық диссертациясын қорғап, 1979 ж. жалпытехникалық пәндер кафедрасының доценті ғылыми атағы берілді. 1997 ж. докторлық диссертациясын қорғады.

Еңбек жолын 1962 ж. Шымкент педагогика институтында жалпытехникалық пәндер кафедрасының лаборанты болып бастады. Институтты бітіре салысымен аталған кафедрада оқытушы, аға оқытушы, доцент, ғылыми істер бойынша проректор (1986-1987 жж.), КСРО Педагогикалық ғылымдар академиясының ғылыми-зерттеу институтында аға ғылыми қызметкер, ЖОО еңбек және кәсіптік оқыту мамандықтары бойынша Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің проректоры (1994-1996 жж.), М.Әуезов атындағы ОҚМУ әлеуметтік-гуманитарлық факультетінің деканы (1997-2001 жж.); кәсіптік оқыту теориясы мен әдістемесі кафедрасының профессоры, ОҚМПУ кәсіптік білім және бейнелеу өнері кафедрасының профессоры болып қызмет атқарды.

К.Ә.Дүйсебаев – 190 ғылыми еңбектің, оның ішінде 12 монография, оқулық, оқу-әдістемелік құралдың, техникалық пәндер бойынша орысша-

қазақша сөздіктер мен анықтамалықтардың сонымен қатар 6D0501200-кәсіптік білім мамандығы бойынша магистров, докторанттарға (PhD) арналған білім стандарттарының авторы. Оның ғылыми жетекшілігімен 15 ғылым кандидаты диссертация қорғаған. 5 педагогика ғылымдарының докторына ғылыми кеңесші, Өзбекстандағы орта кәсіптік білім беру ҒЗИ және Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясы жанындағы Диссертациялық кеңес мүшесі болды.

Халықаралық Педагогика академиясының толық мүшесі (1996 ж., Мәскеу), Халықаралық Психология, менеджмент және кәсіпкерлік академиясының академигі, Ресейдегі Балтық білім академиясының толық мүшесі (1999 ж., Санкт-Петербург) болып сайланып, Ресейдің белгілі педагогы және меценаты Н.Г.Неболсын атындағы Үздіксіз кәсіптік білім беру қорының халықаралық сыйлығының лауреаты атанды. КСРО оқу-ағарту үздігі (1980 ж.), КСРО Жоғары мектебінің үздігі (1986 ж.), ҚР БжҒМ «Жоғары оқу орнының үздігі» (2008 ж.).

ЖАПБАРОВ АМАНГЕЛДІ **(1942-2021)**

педагогика ғылымдарының докторы, профессор



Жапбаров Амангелді 1942 жылы дүниеге келді. 1959 жылы Төрткүл орта мектебін бітіріп, 1965 жылы Шымкент педагогикалық институтының филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірді. А.Жапбаров педагогикалық қызметті бастауыш сыныптардың мұғалімдігінен бастап, жоғары оқу орнында 50 жылдай қызмет етті. Ол қазіргі Қазығұрт ауданында мұғалім, директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары, директор, аудандық оқу бөлімінде әдіскер қызметтерінде болды.

1983 жылдан Шымкент педагогика институтындағы «Пионер, комсомол жұмыстарының теориясы мен методикасы», «Педагогика» кафедраларының меңгерушісі, филология факультеті деканының орынбасары, деканы болып қызмет етті. 1992 жылдардан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Практикалық қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тіл білімі» кафедраларының меңгерушісі, филология факультетінің деканы қызметтерін атқарды. А.Жапбаров кандидаттық диссертациясын 1982 жылы Мәскеу қаласында, докторлық диссертациясын 2004 жылы Алматыда қорғаған.

А.Жапбаровтың жетекшілігімен 7 магистрлік, 6 кандидаттық диссертациялар қорғалды. Сондай-ақ ол Қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінің жанындағы докторлық қорғататын Арнаулы Кеңестің және Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің жанындағы Арнаулы Кеңестің мүшесі болды. Ол 7 докторлық және 11 кандидаттық диссертацияларға оппоненттік жасады.

А.Жапбаров «Қазақстан халық ағарту жұмысының озық қызметкері» белгісімен және «Жоғары оқу орнының үздік қызметкері» белгісімен марапатталған. 2010 жылы «Университеттің үздік профессоры» атанды. Ол – 160-тан астам ғылыми жұмыстардың авторы.



ТАНАБАЕВ ӨМІРТАЙ (1940-2003)

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Танабаев Өміртай 1940 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы, Әңгірата ауылында дүниеге келді. 1961 жылы Шымкент қаласындағы педагогика институтына қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқуға түсіп. 1965 жылы институтты үздік бітірген соң, өзі оқыған мектебіне қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болып орналасады.

1965-1985 жылдары Абай орта мектебінде мұғалім, мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Ленгір аудандық комсомол комитетінің мектеп ісі жөніндегі хатшысы қызметтерін атқарған. Қазақ ССР-нің IV табиғат қорғау съезіне делегат болып қатысқан. Ө.Танабаевтың еңбектері жоғары бағаланып, Республикалық табиғат қорғау комитеті президиумының Құрмет грамотасымен марапатталады. Мектепте ұстаздық ете жүріп, одақтық және республикалық ғылыми-әдістемелік журналдарда, конференция материалдарында ондаған ғылыми мақаласы жарияланады. Осы еңбектері үшін Ө.Танабаев Қазақ ССР оқу министрлігінің «Құрмет грамотасымен (1974), «Қазақ ССР оқу ісінің үздігі» (1976) белгісімен марапатталады.

1986 жылы Оқу-ағарту саласындағы еңбектерін ескерілген Ө.Танабаев Шымкент педагогика институтына аға оқытушы етіп қабылданады. Содан бері ол қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, доценті, сыртқы оқу бөлімі жөніндегі деканның орынбасары, деканы (1992-1996), 1999 жылдың тамыз айынан филология факультетінің деканы болып істейді. 1990 жылдан республикаға әйгілі С.Ерубаев атындағы әдебиет пен өнер шығармашылық бірлестігінің жетекшісі болған.

Өміртай Танабаев 1992 жылы «Әдебиетті оқу және кластан тыс жұмыстар процесінде оқушыларға экологиялық тәрбие беру» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Ғалымның диссертациялық еңбегі, ғылыми-әдістемелік оқу құралдары мен мақалалары республикамызда гуманитарлық пәндер негізінде экологиялық тәрбие берудің алғашқы көріністері ретінде бағаланған. Ол – 80-нен астам ғылыми мақаланың,

10 ғылыми-әдістемелік еңбектің авторы. Оның ішінде «Ана тілін оқытуда экологиялық тәрбие беру жолдары», «Әдебиет сабақтарында оқушылардың табиғатқа сүйіспеншілігін қалыптастыру», «Қазақ әдебиеті мен тілінен жазба

жұмыстары «Махамбет поэзиясындағы табиғаттың орны», «Жыраулар поэзиясы және табиғат» (монография), «Сегіз сері Бахрамұлы шығармалары», «Туған жерім – тәңірім, табынарым», «Амалбектің аяулы ақ періштелері», т.б. ғылыми-зерттеу, әдеби кітаптардың авторы білім алушылар мен оқырман қауым тарапынан жоғары баға алып, көп қолданатын еңбектер қатарына енген.



ЫСҚАҚ БЕГМАН

педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

Ысқақ Бегман 1940 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы), Төлеби ауданы, Аққұм ауылында дүниеге келген. 1957 жылы Георгиевка ауылындағы К.Ворошилов атындағы №1 орта мектепті бітірді.

1965 жылы Шымкент педагогикалық институтын бітірді. Осы жылдан бастап облыс мектептерінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. Жемісті еңбегі үшін 1975 жылы «Халық ағарту ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталып, 1977 жылы Оқу министрлігінен әдіскер-мұғалім деген атақ алды. 1982 жылы РСФСР оқу министрлігі ұлттық мектептер ғылыми зерттеу институтының Ғылыми кеңесінде «Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстардың методикасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап шықты. 1991 жылы 23 мамырда КСРО халық ағарту комитетінің шешімімен доценттік ғылыми атағы берілді. 1998 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенатының шешімімен университет профессоры ғылыми атағы берілді.

1979 жылы Шымкент педагогикалық институтының психология кафедрасында аға оқытушы, 1994 жылы ХҚТУ ШИ педагогика және филология пәндерін оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, 1996 жылдан 2005 жылға дейін «Түркітаным» кафедрасының меңгерушісі, 2005-2011 жылдарда «Түркітаным», «Қазақ тілі» кафедрасының профессоры қызметін атқарды. 2011-2014 жж. ОҚМПИ «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасының доценті қызметінде «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәндерінен дәріс берді.

Бегман Ысқақ – бірнеше ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы. Жүзге тарта ғылыми мақалалар жариялады. «Тіл дамытудың ғылыми негіздері» (1997), «Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстар» (2000), «Бастауыш сыныптарда шығарма жаздыру» (2005), «Мазмұндама жаздыру әдістемесі» (2005), «Диктанттар жинағы 3-4 сыныптар» (2005), «Бастауыш мектепте кластан тыс жұмыстар» (2006), «Қазақ тілі» (2006), «Төте жазу әліппесі» (1999), «Мақал-мәтелдер» (2007), «Қазақтың қанатты сөздері» (2007), «Жұмбақтар» (2007), «Жаңылтпаштар» (2007), «Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәні бойынша курстық жұмысқа нұсқау» (2005), «Мұғалімнің кәсіби

біліктілігін өзіндік бақылау» (2006), «Кестелі грамматика» (2009), «Жоғары мектеп лингводидактика негіздері» (2010) деген еңбектерін студенттер пайдалануда.

2009 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды.

БЕГАЛЫҰЛЫ НАРМАХАН

*Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты,
белгілі ақын, баспагер*



Бегалыұлы Нармахан 1943 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының (қазіргі Түркістан облысы), Ордабасы ауданы, Қажымұқан ауылында дүниеге келді. 1961 жылы Темірландағы Амангелді Иманов атындағы орта мектепті бітірді. 1962 жылы Шымкент педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, 1966 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша диплом алды.

1966 жылы Бөген ауданы және Арыс қалалық «Коммунизм таңы» – «Заря Коммунизма» газеттерінің редакциясы жанындағы радиохабарын тарату бөлімінің редакторы болып, еңбек жолын бастады. 1967 жылдың наурызынан осы газеттердің жауапты хатшысы, 1969 жылдың желтоқсанынан редактордың орынбасары, 1974 жылдан бастап көптеген жылдар бойы аудандық «Ордабасы оттары» газетінде редактор қызметтерін атқарды. Бүгінде «Ордабасы оттары» аталатын газет адам танымастай өзгерді, облыс, республика көлеміндегі бұқаралық ақпарат құралдары арасында өзіндік қолтаңбасы бар, беделді басылымдардың біріне айналды.

Н.Бегалыұлы редакция аясынан Қосжан Мүсірепов атындағы әдебиет-өнер бірлестігін құрып, бірнеше рет халықаралық айтыс ұйымдастырды. Ауданымыздың тарихи Ордабасы атымен аталуының, халқымыздың қасиетті орыны – Ордабасы тауының атақ-абыройын республика көлеміне жете таныстыруға, ондағы тау қопару, тас қиыршықтау жұмысын тоқтатуға байланысты қозғалыстардың басында болды. Оның тікелей бастамасымен 1990 жылы өткен «Ордабасыға оралу» атты ұлы жиын 1993 жылы Қырғызстан, Өзбекстан, Қазақстан Республикалары Президенттерінің басын қосқан үлкен іс-шараға жалғасты.

Н.Бегалыұлы баспадан «Шаттық күйі», «Жиде жұпар шашқанда», «Жотадағы жол», «Ботагөз бұлақ» деп аталатын төрт жыр кітабын, екі томдық жинағын шығарып, қазақтың танымал ақынына айналды. Американдық маман Поль Брегтің «Ашығудың құдіреті», Моловичконың «Бүйректегі тазарту» ғылыми кітаптарын қазақшаға аударды. Қазақстан Республикасы Баспасөз және полиграфия жөніндегі комитеті мен «Жалын» журналы ұйымдастырған республикалық жабық конкурстың жүлдегері. Қазақстан жазушылар одағының, Қазақстан жорналшылар одағының мүшесі. Н.Бегалыұлының шығармагерлік талантын Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары Сырбай Мәуленов, Қадыр Мырза Әлі, Ғафу Қайырбеков, Қуандық Шаңғытбаев, Төлеген Айбергеновтер жоғары бағалаған Нармахан Бегалыұлы – Ордабасы ауданында Республика бойынша тұңғыш рет «Ақындар аллеясын» жасауды ұйымдастырды. Қазақтың атын әлемге паш еткен бабамыз Қажымұқан Мұңайтпасұлының туылғанына 130 жыл толу мерейтойы құрметіне «Ордабасы» баспасынан шығарған, энциклопедиялық үлгідегі «Қажымұқан қағанаты» кітабы, Ордабасы өңірінің табиғатын, тарихын зерделеген, ауданның әлеуметтік жағдайын жақсартуға, экономикасы мен мәдениетін өркендетуге үлес қосқандар жайлы баяндайтын «Ордабасы» энциклопедиясы бүгінде көпшіліктің іздеп жүріп оқитын рухани қазынасына айналған.

Н.Бегалыұлы – Ордабасы ауданының Құрметті азаматы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері. Ол «Құрмет», «Парасат» ордендерімен, Ресейдің К.Симонов атындағы халықаралық сыйлығы және Алтын медалімен, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» медальдерімен, үш рет Облыстың Құрмет грамотасымен, екі рет облыс әкімінің «Зерде» стипендиясымен, бір рет «Бауырмал» сыйлығымен марапатталған.

ЖОЛДАСОВ СӘБИТ **(1940-2015)**

тарих ғылымдарының докторы, профессор



Жолдасов Сәбит 1940 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданында дүниеге

келген. Еңбек жолын орта мектепті бітірген соң, 1957 жылы колхозда көмекші-шопан, астық дайындау мекемесінде жүк тасушы болып бастады. Кейінірек Шаян аудандық «Социалистік колхоз» газетінің тілшісі, аудандық пионерлер үйінің директоры болып қызмет етті.

1966 жылы Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетін үздік бітіріп, Шаян ауданындағы Борлысай орта мектебінде және Шымкент қаласындағы Қ.Сыпатаев атындағы №7 орта мектепте мұғалімдік қызмет атқарды. 1975-1988 жылдары Қазақстан Компартиясы Шымкент облыстық комитетінің үгіт және насихат бөлімінде нұсқаушы, лектор, лекторлар бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды.

1986 жылы «Қазақстанның техникалық дақылдармен айналысатын аудандарындағы ауыл шаруашылығы кооперациясының дамуындағы Коммунистік партияның ролі (1921-1929 жылдар)» деген тақырыпта кандидаттық, 1993 жылы «Қазақстандағы ауыл шаруашылығы кооперациясының қарапайым түрлерінің пайда болу және даму тарихы (XX ғасырдың 20-30 жылдары)» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған.

1988-1993 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтында доцент, жалпы тарих және Қазақстан тарихы кафедраларында меңгеруші, тарих факультетінің деканы болып қызмет атқарды. 1993-2010 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ШИ профессоры қызметін атқара жүріп, Оңтүстік Қазақстан араб тілі институтының ректоры, Алматы шет тілдер және іскерлік карьера университетінің проректоры, Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің ректоры, «Қазақстан тарихы» кафедрасының профессоры қызметтерін атқарды.

С.Жолдасовтың «Деятельность сельскохозяйственной кооперации в Казахстане» монографиясы (1991 ж.), «Иелі жер киелі. Құт қойнауы» очеркі (1991 ж.), «Тағдыр» әңгімелер жинағы (1992 ж.), «Шаян – шежірелі өңір» (1993 ж.), «Бірліктің басы болған Ордабасы» (1993 ж.) кітаптары, «Ислам тарихы» оқулығы (1998 ж.), «Бұ пәни мен о бақи хикаялары» әңгімелер жинағы (1998 ж.), «Шежірелі Оңтүстік» монографиясы (2002 ж.), «Шілдедегі шайқас» тарихи романы, «Қазақстанның Оңтүстік өңірінің тарихы» монографиясы, «Шаян – шежірелі өңір» (2008 ж.), «Тарихы толған Борлысай» (2011 ж.) атты монографиялары мен ғылыми көпшілік кітаптары жарық көріп, оқырман қауымға ұсынылды.

С.Жолдасов 2010 жылы «Оңтүстік Қазақстан облысының үздік ғалымы» номинациясының, 2011 жылы Қазақстан Республикасының «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері болды. С.Жолдасов – Бәйдібек ауданының Құрметті азаматы.

БАЙТАНАЕВ БОЛАТ ӘБІШҰЛЫ
(1944-1999)

филология ғылымдарының докторы, профессор



Байтанаев Болат Әбішұлы 1944 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы), Отырар ауданындағы Шәуілдір ауылында дүниеге келген.

1967 жылы Шымкент педагогика институтының филология факультетін ұлт мектептеріндегі орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп, әл-Фараби атындағы мәдениет институтында оқытушы болып еңбек жолын бастайды. 1974 жылы «Қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының ауызша поэтикалық дәстүрі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған жас ғалым 1975 жылы доцент, 1976 жылы кафедра меңгерушісі болып сайланады. 1978 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің алғашқы ректоры, академик Е.А.Букетовтің шақыруымен кафедра меңгерушісі, ал 1979 жылдан бастап филология факультетінің деканы болып он жылдан астам қызмет атқарды.

1991 жылы қасиетті Түркістанда халықаралық деңгейде ашылған Қожа Ахмет Ясауи атындағы университеттің алғашқы проректоры болып, университеттің қалыптасуына үлесін қосқан. 1994 жылы «Қазақ романының көркемдік құрылымындағы ауызша поэтикалық дәстүрлер» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған.

1996 жылдан бастап өмірінің соңына дейін М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті филология факультетінің деканы болып қызмет етті. Бойындағы бар күшін сарп етіп, еңбек жолында жан аямай қажырлы еңбек ету Болат Әбішұлының ең басты қасиеті еді. Ол тек ұлағатты ұстаз ғана емес, сонымен қатар үлкен ғалым, әдебиет зерттеушісі еді. Оның қазақ прозасындағы жанрдың қалыптасуы, қайнар көзі туралы ізденістері жеке кітап болып жарық көрді.

Болат Байтанаев – «Жанр бастаулары» (1976) және «Қазақ романының көркемдік бітіміндегі ауызша поэтикалық дәстүр» (1994) деген тақырыпта жарық көрген екі монографиялық еңбектің және 40-тан аса ғылыми мақалалардың авторы.

ШАХАНОВ МҰХТАР



*Қазақстан Республикасының Халық жазушысы, ақын,
қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері*

Шаханов Мұхтар 1942 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы), Отырар ауданы, Шілік ауылында дүниеге келген. 1967 жылы Шымкент педагогикалық институты филология факультетін бітірген.

Әкесінен 9 жасында айырылған М.Шаханов 7-сыныпты бітірісімен еңбекке ерте араласты. Ол трактордың тіркеушісі, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің корректоры, әдеби қызметкері, «Лениншіл жас» газетінің оңтүстік облыстар бойынша тілшісі, Қазақстан

Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, республикалық «Жалын» журналының бас редакторы, т.б. қызметтерді атқарды. М.Шаханов ҚСРО Халық депутаты, ҚСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасының Халық депутаты болып сайланды. 1993-2003 жылдары Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін абыроймен атқарды, сонымен қатар әлем ойшылдарының басын біріктіретін «XX ғасыр және Руханият» атты халықаралық элита клубының президенті болды.

М.Шаханов қоғам қайраткері ретінде 1986 жылы Кеңес Одағында тұңғыш рет тоталитарлық жүйеге ұйымдасқан түрде ашық қарсы шыққан қазақ жастарын ақтап алуда, ол өз басына төнген қауіпке қарамай ерлікке барабар іс атқарды. Үлкен апат аймағына айналған Арал теңізі маңындағы адамдарды қорғау туралы әлемдік деңгейде дабыл қақты. 1988 жылы 62 жыл үзілістен соң Қазақстанда және Орта Азияда Наурыз мерекесінің қайта тойлануына мұрындық болды.

М.Шаханов – Қырғыз Республикасының халық ақыны, Қазақстан Республикасының халық жазушысы, халықаралық Калифорния Ғылым академиясының академигі, т.б. шетелдік және отандық академиялардың, университеттердің құрметті докторы, профессоры. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған Орта Бағдарламасы сыйлығының, Қазақстан және Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлықтарының, Түркі Республикасының «Түрік дүниесіне сіңірген еңбегі үшін» халықаралық сыйлығының және Қырғыз Республикасы халықаралық «Руханият», «Түгелбай ата» қоғамы сыйлықтарының лауреаты. Гуманистік бағыттағы поэзиялық шығармалары үшін 1997 жылы ЮНЕСКО-ның «Боорукер клубы» сыйлығы беріліп, Орталық Азиядағы ең мейірбан адам деп танылды. 2000 жылы М.Шахановқа Қазақстан меценаттарының тәуелсіз «Тарлан» сыйлығы тапсырылды және Бішкек қаласының Құрметті азаматы атағы берілді.

М.Шаханов публицист, драматург, композитор ретінде де кеңінен танымал. Оның Ш.Айтматовпен бірлесіп жазған «Құз басындағы аңшының зары» атты эссе кітабы, «Соқратты ескерту түні немесе миғұла терісі үстіндегі сот» атты драмасы көп тілдерге аударылып, өз республикамызда және шетел сахналарында қойылды.

Кезінде Ф.Хитцер «Европа үстіндегі найзағай» деп атаған, дүние жүзінің көптеген тілдерінде жарық көрген М.Шахановтың «Өркениеттің адасуы» атты поэмасы әлемдік поэзиядағы жаңа құбылыс деп бағаланды. 1999 жылы ЮНЕСКО өзінің арнайы шешімімен Парижде өз штаб-үйінде поэманың тұсаукесерін өткізіп, XX ғасырдың гуманистік рухтағы айшықты ірі туындысы деп атады. М.Шахановтың Отырар қаһармандығын жырлаған «Жазагер жады космоформуласы» атты жаңа романы да әлем оқырмандарының қызу пікірталасын тудырды. Бұл шығарманың «Шыңғысханның пенделік құпиясы» атты драмалық бөлімі Азия мен Европаның бірнеше театрларында қойылды.

Көрнекті қазақ ақыны М.Шахановтың шығармалары дүние жүзінің 30-дан астам тілдеріне аударылған. Ақынның поэзия кештері Мәскеуде,

Стокгольмде (Швеция), Глазгода, Эдинбургте (Шотландия), Ренеде (Франция), Кобэде (Жапония), Берлинде, Дрезденде, Кельнде (Германия), Исламабадта (Пакистан) т.б. елдерде өтті.

2022 жылы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың барысында құрылтай мүшесі, ақын Мұхтар Шахановты «Қазақстанның Еңбек ері» атағымен марапаттады.

ДЕРБІСӘЛІ ӘБСАТТАР ҚАЖЫ (1947-2021)

филология ғылымдарының докторы, профессор



Дербісәлі Әбсаттар 1947 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы), Түлкібас ауданында дүниеге келген. 1969 жылы Шымкент педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген. Ол Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас муфти (2000), шығыстанушы ғалым болған. 1977 филология ғылымдарының кандидаты, 1988 жылы филология ғылымдарының докторы ғылыми

дәрежесін алу үшін диссертация қорғаған.

Ә.Дербісәлі 1970-1975 жылдары КСРО ҒА-ның Шығыстану институтында ізденуші, аспирант болды. 1975-1976 жылдары Марокко, 1985-1986 жылдары Тунис университеттерінде араб тілі мен әдебиеті бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген. 1976-1986 жылдары Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, ҚазҰУ-де ассистент, аға оқытушы, доцент, деканның орынбасары, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1986-1988 жылдары КСРО ҒА Шығыстану институтының докторанты болды. 1989-1990 жылдары ҚазҰУ шығыстану факультетінің деканы, 1991-1997 жылдары проректор, 1997-2000 жылдары Сауд Арабиясындағы Қазақстан елшілігінің кеңесшісі болған. 2000-2013 жж. Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының төрағасы, Бас муфти болды. 2013-2021 жж. ҚР БЖҒМ Шығыстану институтының директоры қызметін атқарды.

Ә.Дербісәлінің «Шыңырау бұлақтар» (зерттеулер мен мақалалар) (1981), «Араб әдебиеті». Классикалық дәуір (1982), «Арабоязықная литература Марокко» (1983), «Мың бір түн» елінде» (1986), «Ежелгі араб жерінде» (1992), «Литература Марокко» (1993), «Қазақ даласының жұлдыздары» атты тарихи-филологиялық зерттеу (1995), «Мұхаммед Хайдар Дулати». Өмірбаяндық библиографиялық анықтамалық (1999) және т.б. еңбектері бар.

Белгілі дінтанушы, шығыстанушы, исламтанушы ғалым Әбсаттар қажы Дербісәлі 2021 жылы 15 шілдеде 74 жасында дүниеден озды.

САПАРБАЕВ ИСРАИЛ

көрнекті ақын,

Шымкент қаласының Құрметті азаматы



Сапарбаев Исрайыл 1942 жылы Өзбекстанда, Самарқанд облысы, Қошрабат елді мекенінде дүниеге келген. 1969 жылы Шымкент педагогикалық институтының филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген.

1969-1973 жылдары ОҚО мәдениет басқармасында, «Оңтүстік Қазақстан» облыстық газетінде, Қазақстан Жазушылар одағының Шымкент облысаралық бөлімшесінде әр алуан қызметтер атқарды.

1973-1975 жылдары Алматы Жоғары партия мектебінің журналистика бөлімін бітіріп, 1975-1983 жылдары Қазақстан Жазушылар одағында әртүрлі қызметтерде болады. 1983-1984 жылдары «Жалын», «Жазушы» баспаларында редактор, аға редактор, бөлім меңгерушісі, 1984-1996 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің поэзия бөлімінің меңгерушісі, «Қазақфильм» телестудиясы бас редакторының орынбасары қызметтерін атқарды. 1997-1998 жылдары ҚР Сыртқы істер министрлігінің ТМД елдері бойынша департаментінің 1-хатшысы, 1998-1999 жылдары ҚР Өзбекстандағы Қазақстан елшілігінде 2-хатшы болып істеді.

И.Сапарбаевтың алғашқы бір топ өлеңдері 1975 жылы «Көктем тынысы» атты ұжымдық жинақта жарық көрген. Кейінірек «Аққу арман», «Бозқараған», «Раушанғұмыр», «Қызыл-жасыл дүние», «Жүрегіме ұя салған

қарлығаш», «Қызыл жел», «Гүласыл», «Ғашықтың тілі», «Бармақтай бақ» атты өлең кітаптары жарық көрді. И.Сапарбаев драматургия саласында да қалам тартқан. Оның «Ауылдан келген ару», «Әмір-Темір», «Көзімнің қарасы», «Сыған серенадасы», «Махаббат мейрамы» атты пьесалары көптеген театрларда қойылды. Ақын – 70-ке тарта ән мен 150-ден аса ән мәтіндерінің авторы.

И.Сапарбаев – Қазақстан Жазушылар одағы І.Жансүгіров атындағы сыйлықтың, Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, Түркі поэзиясы Халықаралық фестивалының лауреаты, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың иегері.



РАХЫМБЕК ДОСЫМХАН
(1947-2021)

педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Рахымбек Досымхан 1947 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы, Зағамбар елді мекенінде туылған.

2002 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары Аттестациялық Комитет профессор ғылыми атағын берді.

1970 жылы Шымкент педагогика институтының физика-математика факультетін математика мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірген.

1970-1973 жылдары Шымкент қаласы Жамбыл атындағы № 26 орта мектепте математика пәнінің мұғалімі, 1973-1978, 1981-1993 жылдар аралығында Шымкент педагогика институтында оқытушы, аға оқытушы, доцент қызметтерін атқарды. 1978-1981 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогика институтының аспирантурасында оқыған. 1984 жылы Киев қаласындағы Украина педагогика ғылыми-зерттеу институты жанындағы Арнайы Ғылыми кеңесте математиканы оқыту әдістемесінен кандидаттық диссертациясын қорғады.

1998 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде 13.00.02 - математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін «Оқушылардың логика-методологиялық білімдерін жетілдіруге болашақ математика мұғалімдерін дайындаудың ғылыми әдістемелік негіздері» деген тақырыпта диссертация қорғаған.

1993-1995 жылдары Шымкент дене тәрбиесі институтында кафедра меңгерушісі, ал 1995-1997 жылдары докторантурадан тыс докторлық диссертация дайындау үшін аға ғылыми қызметкерлікте болды.

1998 жылдан бүгінгі күнге дейін М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті «Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының доценті, кафедра меңгерушісі, профессоры қызметтерін атқарды.

«Жоғары орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының 2007 жылғы иегері.

Ең басты ғылыми еңбектері: оқушылардың логика-методологиялық білімдерін жетілдіру. – Алматы: РБК, 1998 жыл; Математиканы оқытудың әдістемесі: Арифметика, алгебра және анализ бастамалары. Шымкент: М. Әуезов атындағы ОҚМУ, 2007 жылы (Қаламдастар Бейсекөв Ж., Шарипов Т.А.); Мектеп математика курсына дәлелдеуге үйрету: Мұғалімдерге арналған кітап. – Шымкент: М. Әуезов атындағы ОҚМУ, 2009 жыл; Математикалық өрнектерді теңбе-тең түрлендіру: Оқу құралы. – Шымкент: М. Әуезов атындағы ОҚМУ, 2008 жыл; Жоғары математика (Анықтауыштар теориясы). Оқу құралы. – Шымкент: М. Әуезов атындағы ОҚМУ, 2008 жылы (Қаламдастар Әшірбаев Н., Қаратаев Ж.).

Ұстаздық, ғалымдық сара жолында білімі мен еңбекқорлығымен ел-жұрттың, шәкірттерінің ыстық ықыласына бөленген ғалымның 200-ге тарта ғылыми мақаласы, 50-ден астам оқу-әдістемелік құралы, 2 монографиясы жарық көрді. 2 рет «Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы» атағын иеленген. Оның ғылыми жетекшілігімен 2 ғылым докторы, 15 ғылым кандидаты, 1 PhД докторы дайындалды.

2014 жылы Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының толық мүшесі (академигі) болып сайланды. «Б.Алтынсарин» және «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілерімен, «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Республикада математиканы оқыту әдістемесі бойынша өзіндік мектебі қалыптасқан ғалым Д.Рахымбек аталған сала бойынша Диссертациялық кеңес төрағасы қызметін өмірінің соңына дейін атқарып келді. Математиканы оқыту және мұғалімдерді кәсіптік дайындау мәселесі бойынша республиканың басты, негізгі басылымдарында өзекті мақалалар жариялап, өзіндік көзқарасы, азаматтық позициясын еркін білдіріп отырды.

ӨТЕБАЕВ МҮСІРӘЛІ СМАЙЫЛҰЛЫ

экономика ғылымдарының докторы



Өтебаев Мүсірәлі Смайылұлы 1950 жылы Шымкент облысы, Бөген ауданы, Шұбар ауылында жұмысшылар отбасында дүниеге келген. 1967 жылы орта мектепті бітіріп, Шымкент педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түсті. 1971 жылы институтты математика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1979-1982 жылдары Мәскеу қаласындағы Есептеу орталығы және экономикалық ақпараттық жүйелерді жобалау жөніндегі ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында оқыды. 1984 жылы кандидаттық диссертация қорғады, 1989-1991 жылдар аралығында Ресей Федерациясы Үкіметі жанындағы Халық шаруашылығы Академиясында

экономикалық басқару әдістемелері бойынша жетекші маман мамандығын бітіріп, 1997 жылы РФ Үкіметі жанындағы Халық шаруашылығы академиясында докторлық диссертациясын қорғады.

Еңбек жолын 1971 жылдан Бекташ жұмысшы жастар мектебінде математика пәнінің мұғалімі болудан бастады. 1973 жылы облстат бөлімінің машиналық-есептеу станциясында оператор лауазымына ауысты. 1974-1987 жылдар аралығында ақпараттық-есептеу орталығында аға инженер, орталық бастығының орынбасары, орталық бастығы қызметтерін атқарды. 1987-1991 жылдарда облстат бөлімі бастығының орынбасары, одан кейін бастығы болып жұмыс істеді. 1991-1993 жылдары Шымкент облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі басшысының орынбасары қызметтерін атқарды. 1994 жылы Шетел инвестициялары жөніндегі Ұлттық агенттік төрағасының бірінші орынбасары лауазымына тағайындалды. 1995-1996 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің Кеңесшісі, Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің экономикалық саясат бөлімінің меңгерушісі, ал 1996 жылдан 2001 жылға дейін Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. 2001-2008 жылдарда Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының екінші, үшінші және төртінші сайланымның депутаты, Қаржы және бюджет жөніндегі комитет төрағасы қызметінде болды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитетінің төрағасы.

Ол 50-ден астам ғылыми еңбектердің, соның ішінде (1996) «Қаржы экономикалық жағдай және Қазақстан экономикасы өсімінің факторлары», (1989), «Аймақтың нарық қатынастарына өтудегі қаржы-несиелік аспектілері», (1991,1999)«Қаржы-несие түсіндірме сөздігі», (2001) «Невыдуманные бюджеты», (2008) «Негізгі бюджеттік және салықтық заңнамалар», (2011) «Қазақстанның қаржылық мониторингінің архитектурасы мен алгоритмі» секілді монографиялардың авторы.

«Құрмет Белгісі» (1991), «Парасат» (2003) ордендерімен, ТМД ПАА Құрмет грамотасы (2007), «Қаржы жүйесінің үздігі» ведомстволық наградасымен (2011) және 6 медальмен марапатталған.

2011 жылы М. Өтебаевқа «Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер» құрметті атағы берілді.

БӘШЕН ҰЛЫҚПАН МҮСІНҰЛЫ

*Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері,
Ы.Алтынсарин тәсбелгісінің иегері, полковник*



Бәшен Ұлықпан Мүсінұлы 1949 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы), Созақ ауданы, Жуан-Төбе кеңшарында дүниеге келген. Мектепті бітірген соң, Шымкент педагогикалық

институтында жоғары білім алды. Жоғары оқу орнын 1971 жылы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын Келес ауданы, Келес арнайы мектеп-интернатында мұғалім болып бастады. 1972-1973 жылдары Ресейде азаматтық борышын өтеп келген соң, Бөген ауданы, XXII партсъезд ауылындағы К.Маркс атындағы мектепте ұстаздық жолын жалғастырды. Өзінің біліктілігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен Ұлықпан Мүсінұлы 1974-1977 жылдары Қазақстан ЛКЖО Шымкент облыстық комитетінің ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы болып қызмет атқарды.

Ұ.М.Бәшен 1977 жылы Қазақстан ЛКЖО Келес аудандық комитетінің бірінші хатшысы қызметіне тағайындалады. Бұл қызметті 1979 жылдың желтоқсанына дейін абыройлы атқарған Ұлықпан Мүсінұлы он жыл бойы Келес ауданындағы С.Сейфуллин атындағы, Жетісай ауданындағы Ы.Алтынсарин атындағы мектептерде директор қызметін атқарды. 1989-1991 жылдары ОҚО, Арыс қалалық білім бөлімін басқарды.

Жастарға тәлім-тәрбие беруде, мектеп, білім саласын басқаруда өзін парасатты тәлімгер, іскер басшы ретінде көрсете алған Ұлықпан Мүсінұлы 1991-1992 жылдары ОҚО білім басқармасы бастығының орынбасары, 1992-1998 жылдары Арыс ауданы әкімінің орынбасары, білім, мәдениет және денсаулық сақтау басқармасының бастығы қызметтерін абыроймен атқарды. 1998-2000 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық білім департаментінің бастығы болды. 2000 жылдан Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор Сабыр Рахымов атындағы Республикалық әскери мектеп-интернатының бастығы қызметін абыроймен атқарды. Жас ұрпақты Отан сүйгіштікке, елін-жерін қорғайтын ержүрек азамат болуға тәрбиелеудегі еңбегі жоғары бағаланған Ұлықпан Мүсінұлы түрлі марапаттармен қатар полковник шеніне дейін көтерілді.

Білім саласына сіңірген ерен еңбегі үшін Ұлықпан Мүсінұлы 1993 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен, 1998 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, 2002 жылы «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне – 10 жыл» мерекелік медалімен, 2003 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, 2003 жылы Ресейдің психологиялық ғылымдары Халықаралық академиясының құрметті мүшесі, 2004 жылы Ы.Алтынсарин төсбелгісімен, 2004, 2007 және 2008 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет Грамоталарымен, 2008 жылы «Астанаға – 10 жыл медалімен, 2009 жылы «Құрмет» орденімен марапатталды.

ШОЙБЕКОВ РҮСТЕМБЕК НҰСҚАБЕКҰЛЫ
филология ғылымдарының докторы, профессор



Шойбеков Рүстембек Нұсқабекұлы (08.05.1948).

Рүстембек Нұсқабекұлы 1967-1971 жж. аралығында Шымкент мемлекеттік педагогтік институтының филология факультетінде «қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы» мамандығы бойынша жоғары білім алған.

1970 жылы «Еңбектегі қажырлылығы үшін» медалімен марапатталған. 1971 жылы Түркіменстандағы Красноводск ауданы, Бекташ поселкесінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 1972-1976 жж. мектеп директорының мектептен және сыныптан тыс жұмыстары бойынша орынбасары, ал 1976-1979 жж. аралығында аталған поселке мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарған.

1979-1989 жж. Алматы қаласында ҚазССР ҒА Тіл білімі институтының кіші ғылыми, ғылыми қызметкері болып жұмыс істеген. 1989-1999 жж. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының «Қазақ тілі» кафедрасында доцент, 2000-2001 жж. аталмыш институттың аға ғылыми қызметкері, ал 2002-2005 жж. осы институтта «Қазіргі қазақ тілі» кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған. 2005-2006 жж. Қазақ гуманитарлық-заң университеті Алматы заң академиясында қазақ және орыс тілдері кафедрасының доценті қызметін атқарды.

2006 ж. бері А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Терминология бөлімінде жетекші ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. 2010-2014 жж. Этнолингвистика бөлімінің меңгерушісі, бүгінде бөлімнің бас ғылыми қызметкері болып қызмет атқарады.

1991 жылы жарық көрген «Қазақша-орысша мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестері» көмекші оқу құралы, «Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі», 1993 жылы жарық көрген «Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы», 2012 жылы шыққан «Қазақ қолөнері аталымдарының түсіндірме сөздігі» кітабының, 1000-ға жуық ғылыми мақалалардың авторы.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жарияланған 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің», «Қазақ этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедия авторларының және шығарушы редакторларының бірі. Сонымен қатар бірнеше қазақша-орысша сөздіктер мен студенттерге арналған оқу-әдістемелік құралдар авторларының бірі ретінде еңбек жазған. Рүстем Нұсқабекұлы 2018 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Қазақ тілі» кафедрасы, «Практикалық қазақ тілі» кафедрасының доценті қызметтерін

атқарып, «Морфология», «Фонетика», «Статоллингвистика», «Практикалық қазақ тілі» пәндерінен сабақ берген. Сонымен қатар, қосымша 1992-1995 жж. №1 қазақ-түрік лицейінің қазақ тілі мұғалімі қызметін атқарған. 2006-2009 жж. Алматы құрлық әскерлері Әскери институты «Мемлекеттік тіл» кафедрасының доценті болып еңбек еткен.

«М.О.Әуезов драмалық шығармалар тілінің лингвоквантитативтік сипаты» монографиясы (2007 ж.), «Текті бабалар ұрпақтары» (Шежірелік сипаттағы өмірдеректер, 2010 ж.) кітаптарының авторы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтынан 1975-1990 жж. шыққан жиілік сөздік, алфавитті жиілік сөздік, кері алфавиттік жиілік сөздік сияқты жиілік сөздіктер мен лингвистикалық, статистикалық ғылыми жинақтар авторларының бірі.

ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ ХАНБИБИ

Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын



Есенқарақызы Ханбиби 1949 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы), Сарыағаш ауданы, Еңкес ауылында дүниеге келді.

1966 жылы Сарыағаш қаласындағы М.Әуезов атындағы орта мектепті бітірді. 1967 жылы Шымкент педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1972 жылы сырттай оқып бітірді. Институтта оқып жүріп, Макаренко атындағы орта мектепте мұғалім, 1968-1972 жылдары Сарыағаш аудандық «Қызыл ту», «Красное знамя» газеттерінде әдеби қызметкер, 1973-1980 жылдар аралығында облыстық халық шығармашылығы орталығында бас маман болып қызмет атқарып, 1987 жылы облыстық «Қайырымдылық және денсаулық қорын» басқаруға сайланады.

1989 жылы Ханбиби Есенқарақызы облыстық «Қазақ тілі» қоғамын басқарған. Бұл салада ол мемлекеттік тілдің кең ауқымда өмірге енуіне атсалысып, «Тіл туралы» заңның жобасын жасауға қатысады. 1992 жылы Облыстық мәдениет басқармасын басқарады. Ханбиби Есенқарақызы қай жерде де өз міндетіне асқан жауапкершілікпен қарай отырып, халыққа қызмет ететін мәдениет ошақтарын сақтап қалу үшін күресті. 1994 жылы Облыстық филармонияны басқару кезеңінде, «жекешелендірудің» тырнағына ілінген өнер ордасын сот арқылы алып қалуға, 1996 жылы Ш.Қалдаяқов атын беруге ықпал етсе, 1998 жылы филармонияда күрделі жөндеу жұмысын жүргізіп, филармония алдына Ш.Қалдаяқовтың ескерткіш-мүсінін орнатуға мұрындық болды.

Х.Есенқарақызы – 1986 жылдан Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, басқарма мүшесі, 14 көркем әдеби кітаптың авторы. Өлеңдері орыс, украин, қырғыз, өзбек, якут тілдеріне аударылған. «Алтынай», «Нурикамал»,

«Қадиша», «Дос іздедім», «Көңіл-гүл», «Махаббат-өмірлері» деген өлеңдеріне ән жазылып, халық арасына кеңінен таралды. Х.Есенқарақызының 1998 жылы отан алдындағы еткен еңбектері үкімет тарапынан ескеріліп, «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қызметкер» атағына ие болды.

Х.Есенқарақызы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің және облыстық мәслихаттың, Ақмола облысы, Астана қаласы, Шымкент қалалық әкімдігінің алғыс хаттарымен, М.Әуезов бейнесі бар ЮНЕСКО, «Астана қаласына – 10 жыл», Түркістанның 1500 жылдығына орай, Тәуелсіздіктің 10 жылдығына арналған және Астанадағы Е.Гумилев атындағы Еуразия университеті медальдарымен, сондай-ақ Сарыағаш ауданының Құрметті азаматы атанып, 2008 жылы «Парасат» орденімен, 2010 жылы «Золотая Есенинская» медалімен,

2012 жылы ақпан айында Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атағы беріліп, осы жылдары Халықаралық «Үздік адамдар энциклопедиясының Батыры» атты құрмет белгісі мен дипломының иегері атанды.

Х.Есенқарақызы 2003-2018 жж. аралығында облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайының директоры қызметін атқарды. Осы жылдары еткен тынымсыз еңбегінің нәтижесінде «Ақ жол» газетінің толық санын 25 томдық кітап етіп шығарды. Бұл мұражай 2010 жылы 30 желтоқсанда облыстық мәдениет және өнер саласының дамуына ерекше үлес қосқаны үшін «Үздік мәдениет және өнер мекемесі» номинациясының иегері болып танылды.

БАРАҚОВА САЙЛАУКҮЛ ЖАПБАРҚЫЗЫ

еңбек ардагері



Барақова Сайлаукүл Жаппарқызы 1948 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданында дүниеге келген.

С.Ж.Барақова 1964 жылы Түркістан педагогика училищесін, 1972 жылы Шымкент педагогика институтын, 1987 жылы Алматыдағы жоғары партия мектебін бітірген.

Еңбек жолын 1964 жылы Сарыағаш ауданы Сырдария орта мектебінде мұғалім болып бастады. Кейінірек аудандық комсомол комитетінде мектеп бөлімінің хатшысы, екінші хатшы қызметін атқарды. 1972-1976 жылдары облыстық комсомол комитетінің хатшысы қызметінде болды. 1977-1989 жылдары Келес аудандық, Шымкент қалалық партия комитеттерінің хатшысы, 2-хатшысы қызметтерін атқарды. 1989-1991 жылдары Шымкент облыстық халық депутаттары кеңесі атқару комитеті төрағасының

орынбасары қызметінде болды. 1991-1997 жылдары облыс әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

С.Ж.Барақова 1997-2002 жылдары ҚР Парламенті сенатының депутаты болып сайланып, халық қалаулысы атанды. 2002-2007 жылдары облыстық білім беру департаментінің бастығы қызметтерін, 2007 ж. «Ауыл» партиясының облыстық комитетінің төрайымы қызметін атқарды. С.Ж.Барақова комсомол, партия, совет қызметіндегі, тәуелсіздік жылдардағы қоғамдық және мемлекеттік қызметтердегі ерен еңбегі үшін «Құрмет» орденімен, бірнеше медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

КИРЮХИН ЮРИЙ

Член Союза журналистов Казахстана




Юрий Георгиевич Кирюхин родился 29 июля 1944 года в городе Талды-Курган. В 15 лет начал работать каменщиком-печником, одновременно учился в вечерней школе. Высшее образование получил в Шымкентском педагогическом институте, затем – в Алматинской высшей партийной школе. Учитель, политолог, комсомольский и партийный работник, Ю.Кирюхин на каждом поприще был верен своему принципу – творчески, без остатка отдаваться порученному делу.

Одна из граней его творческой природы – публицистика, именно она стала главным призванием Ю. Кирюхина в переломе эпох. В 1991 году он становится главным редактором областной общественно-политической газеты «Южный Казахстан». Под руководством Ю.Кирюхина газета стала одним из самых популярных изданий в регионе. Член Союза журналистов Казахстана, член Ассамблеи народов РК, член бюро и политсовета областной организации партии «Отан».

ДМИТРИЮК НАТАЛЬЯ ВАСИЛЬЕВНА

доктор филологических наук, профессор



Дмитрюк Н.В. родилась в 1951 году в г. Кокчетаве Северо-Казахстанской области в семье военнослужащего. После переезда семьи в г. Чимкент обучалась в СШ № 9, а в 1972 году с отличием закончила филологический факультет Чимкентского пединститута. После двух лет работы учителем русского языка и литературы в школе № 4 поступила на работу в Чимкентский пединститут на кафедру методики русского языка и литературы.

В 1986 году защитила кандидатскую диссертацию по специальности 10.02.19 – теория языка в Институте языкознания АН СССР (г. Москва). В

1990 году получила ученое звание доцента, с 1990 г. по 1996 г. – заведующая кафедрой методики, с 1996 г. – доцент кафедры русского языка ШО МКТУ, затем – декан информационно-педагогического факультета университета Мирас.

В мае 2000 года в ИЯ РАН (г. Москва) защитила докторскую диссертацию «Формы существования и функционирования языкового сознания в негомогенной лингвокультурной среде» по специальности 10.02.19 – теория языка, в 2006 г. решением ВАК РК присвоено ученое звание профессора по языкознанию. С 2001 года по настоящее время – профессор кафедры русского языка и литературы ЮКГПУ.

В круг научных интересов Натальи Васильевны входят общетеоретические и лингводидактические проблемы языкознания, межкультурного общения, вопросы общего языкознания и прикладных его областей. Ею опубликовано более 300 научных работ, в том числе 2 монографии, ассоциативный словарь, более 10 учебно-методических пособий. Под ее руководством защищено 9 кандидатских диссертаций, 26 магистерских и 1 докторская диссертация. 2012–2014 гг. – руководитель научного Проекта «Межкультурная коммуникация: ментально маркированные концепты культуры, социальная идентичность и толерантность». Руководитель научных исследований по Договорам о сотрудничестве с зарубежными вузами (ИЯ РАН, РУДН, ММА, МГПУ – Москва, ТГУ – Тверь, ЮУрГУ – Челябинск и др.). Имеет Свидетельство об аккредитации МОН РК в качестве субъекта научной деятельности.

Наталья Васильевна – член докторских диссертационных советов ОД 14.50.17 при КазГосЖенПИ (2003-2007гг.), Д 14.61.27 при КГУ им. Ш.Уалиханова (2010 г.), член редакционной коллегии научного журнала «Вопросы психолгвистики» (Москва), член КазПРЯЛ.

Государственные награды и благодарности: медаль к 20-летию Независимости РК (2011), грант Сорос–Казахстан (2003-2004), грант и медаль «Лучший преподаватель вуза – 2006», «Лучший преподаватель вуза – 2012», стипендиат Государственной научной стипендии МОН РК (2006-2008; 2010-2012), медаль к 80-летию ЮКГПИ, медаль «За заслуги в развитии науки РК» (2017), медаль и диплом «Почетный профессор Казахстана» (2021); грамоты и благодарственные письма от руководства образовательных учреждений РК, России.

ӘБУБӘКІРОВ САҒЫНҒАЛИ САНДЫБАЙҰЛЫ

*тарих ғылымдарының кандидаты, ОҚМПУ профессоры,
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері*



Әбубәкіров Сағынғали Сандыбайұлы 1948 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы), Түркістан қаласында дүниеге келген. 1966 жылы Түркістан қаласындағы Н.Төреқұлов атындағы орта

мектепті бітірген соң, еңбек жолын Сауран ауылындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте бастады.

1968 жылы Шымкент педагогика институтының тарих факультетіне оқуға түсіп, оны 1973 жылы тарихшы мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп шықты. Студент кезінде В.И.Ленин атындағы арнайы стипендияның иегері болды.

1974 жылы Кеңес Армиясының қатарында әскери борышын өтеді. 1974-1977 жылдары Шымкент облыстық партия комитетінің құжаттар бөлімінде жауапты қызметкер, 1978-1980 жылдары Шымкент педагогика институты тарих факультетінің оқытушысы болып жұмыс істеді. 1980-1983 жылдары ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Ш.Уәлиханов атындағы тарих институтының аспирантурасында оқыды. 1984-1988 жылдары Шымкент педагогикалық институты КСРО тарихы кафедрасының аға оқытушысы, 1988-1991 жылдары Шымкент педагогикалық институты партия комитетінің хатшысы, 1991-1993 жылдары Шымкент педагогикалық институтының тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры қызметтерін атқарды. 1994-1996 жылдары аға ғылыми қызметкер ретінде ғылыми тағылымдамадан өтті. 1996-1998 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент бөлімі Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, 1998-2003 жылдары аталған оқу орнының тарих факультетінің деканы, 2003-2004 жылдары Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2004-2011 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институты директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары-проректор болып қызмет атқарды. 1984 жылы академик М.Х.Асылбековтің жетекшілігімен «Қазақстанда инженер-техник интеллигенциясының қалыптасу тарихы (1946-1960 жылдары)» деген тақырыпта тарих ғылымдары бойынша кандидаттық диссертациясын қорғаған.

С.С.Әбубәкіров бүкіл саналы өмірін оңтүстіктегі ұстаздар ұстаханасы атанған қарашаңырақта қызмет етуге, жастарды тәрбиелеуге, қазақ халқының озық дәстүрлерін, оқытудағы жаңашылдықты, ұрпақтар сабақтастығын сақтауға, ең бастысы, жас буынды елжандылыққа, ұлттық болмыс пен ұлттық рухты сақтауға тәрбиелеуге арнаған парасатты ұстаз болды.

2011-2012 жж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтында тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры қызметін, 2012-2013 жж. ОҚМПИ ректоры кеңесшісі, 01.09.2013 жылдан «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының профессоры, 2020 ж. бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі қызметін атқарды.

3 ғылыми монографиясы, 5 оқу құралы, 5 оқу-әдістемелік нұсқауы мен 100-ге жуық ғылыми мақалалары жарық көрген.

Білім, ғылым және тәрбие саласындағы ерен еңбегі үшін С.С. Әбубәкіров «ҚР Білім беру ісінің үздігі», Ы.Алтынсарин төсбелгілерімен, Оңтүстік Қазақстан облыстық Кеңесінің, ОҚО облыстық мәслихатының Құрмет грамоталарымен марапатталған. 2005 жылы білім

беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» медалі берілді. 2005 жылдың қорытындысы бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімімен «Ең үздік тәлімгер» номинациясын және «Шымкент қаласын дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін» деген медалін иеленді. 2006 жылы «ҚР мәдениет қайраткері» төсбелгісімен марапатталды. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің жанындағы ономастикалық комиссияның мүшесі ретінде көптеген тарихи атаулардың жаңғыруына, лайықты тұлғалардың есімі ел есінде қалуына үлес қосты. Бірнеше рет ҚР Президентінің Алғысхатымен марапатталған С.Әбубәкіров – Түркістан, Шымкент қалаларының, жаңадан құрылған Сауран ауданының №1 Құрметті азаматы. «Астанаға – 20 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне – 25 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне – 30 жыл» мерекелік медальдарымен наградталған.

АСҚАРОВ АҚЖОЛ **(1943-2019)**

ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы



Асқаров Ақжол Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы), Төлеби ауданы Майбұлақ ауылында 1943 жылы дүниеге келді. 1968-1973 жылдары Шымкент педагогикалық институтында оқыды. 1976 жылға дейін Шымкент қаласындағы Қ.Спатаев атындағы №7 қазақ орта мектебінде дене тәрбиесінің мұғалімі болып қызмет атқарды. 1976-1987 жылдары облыстық кешенді жоғарғы спорт шеберлігі мектебінде жаттықтырушы, 1980 жылдан бокстан облыс құрама командасының аға жаттықтырушысы, 1987-1991 жылдар арасында облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры болып қызмет істеді.

1991-1999 жылдары облыстық білім саласындағы спорт және дене тәрбиесі басқармасының бастығы қызметін атқарған. 1999-2007 жылдар арасында облыстық Бекзат Саттарханов атындағы дарынды балалардың спорт мектеп-интернатының директоры, Оңтүстік Қазақстан облысының спорт ардагерлері кеңесінің төрағасы болған.

А.Асқаров спорт мектебі Олимпиада ойындарының 1 жеңімпазын, бокстан Әлем біріншілігінің жеңімпазын, Азия чемпионатының 6 жүлдегерін, Әлем біріншілігінің жастар арасында 2 жеңімпазын, Әлем біріншілігінің бокстан 1 күміс жүлдегерін дайындап шығарды. Үздік еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының 10 жылдық мерейтойы» және «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен және ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгісімен және «Қазақстан Республикасы Конституциясына – 10 жыл» белгісімен марапатталды.

Асқар Ақжолов Шымкент қаласының Құрметті азаматы, Қазақстанға еңбегі сіңген қызметкер, бокстан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ҚР

спорт қайраткері, ҚР Білім беру ісінің үздігі, КСРО спорт шебері, профессор, Санкт-Петербургтың Халықаралық психология Академиясының Құрметті академигі.

ЕРИМБЕТОВА АҚ-МАРАЛ МИРЗАХМЕТОВНА

доктор филологических наук, профессор



Еримбетова Ак-Марал Мирзахметовна родилась в 1952 году в городе Шымкент в семье педагогов. В 1970 году, успешно окончив среднюю школу № 9 имени С.М. Кирова, поступила на первый курс филологического факультета Чимкентского педагогического института, который окончила с «отличием» в 1974 г. и была оставлена в институте стажером-исследователем кафедры русского языка.

В 1977-1980 гг. обучалась в очной аспирантуре в КазГУ под руководством профессора Н.И. Никитевича. В 1980 г. защитила диссертацию и получила ученую степень кандидата филологических наук. В 1988 г. присвоено звание доцента языкознания.

В 1980-2000 гг. работала старшим преподавателем, доцентом кафедры русского языка Шымкентского педагогического института (с 1993 г. – Шымкентское отделение Международного казахско-турецкого университета имени А. Ясави). В 2000 г. была переведена на должность старшего научного сотрудника кафедры русского языка. В 2002 г. защитила докторскую диссертацию на тему «Сходство и различие: языковые формы выражения компаративных отношений» при Диссертационном совете Д 14 А.01.22 КазГНУ имени аль-Фараби.

В 2003-2004 гг. А.М. Еримбетова заведовала кафедрой русского языка ШИ МКТУ имени А. Ясави. Под ее руководством кафедра успешно вела учебную, методическую, научную и воспитательную работу.

Ак-Марал Мирзахметовной Еримбетовой издано более 150 научных статей, учебников, учебных и методических пособий. Она автор ряда учебников по русскому языку. В 2002 г. ею была издана монография «От тождества к противоположности: языковые формы выражения» (Москва, 233 стр.).

В 2004 г. ей присвоено ученое звание профессора.

В 2005 г. А.М. Еримбетова переехала на постоянное место жительства в город Алматы. Являлась заведующей кафедрой русского языка Казахского Национального аграрного университета (г. Алматы).

В 2015 г. вышла на заслуженный отдых.



ПОДУШКИН АЛЕКСАНДР НИКОЛАЕВИЧ

доктор исторических наук, профессор, известный археолог

Подушкин Александр Николаевич родился 19 марта 1948 года. В 1975 году окончил исторический факультет Шымкентского педагогического института. 1975-1977 годах – стажер-исследователь по археологии при отделе археологии Института истории, руководитель археологического отряда Шымкентского отделения Международного казахско-турецкого университета имени А. Ясави.

В 1987 году защитил кандидатскую диссертацию по археологии в Московском государственном университете имени М.В. Ломоносова.

С 1984 по 1992 гг. руководил отрядом по исследованию и паспортизации памятников археологии Южно-Казахстанской области для создания «Свода памятников Республики Казахстан».

С 1970 по 1994 гг. возглавлял исследовательскую группу комплексной археологической экспедиции Южного Казахстана (1970–1981 и 1985–1994 годы). В 1982–1984 годах – руководитель научно-исследовательской группы Семиреченской археологической экспедиции.

В 1999 году защитил диссертацию на соискание степени доктора исторических наук в г. Алматы

В числе весомых для археологической и исторической наук Казахстана следует отметить выделение А.Н. Подушкиным арысской археологической культуры Южного Казахстана IV в. до н.э.–IV н.э. На основе большого фактологического материала он изучил присущий культуре блок признаков, привел соответствующие хронологические, социально-экономические, культурно-генетические и этнологические интерпретации, связанные с такими полиэтничными образованиями, как саки, сарматы, сюнну (хунны), канцзой (кангюй).

Особо следует отметить найденные уникальные образцы надписей, свидетельствующие о высоком уровне культуры племен, населявших территорию Южного Казахстана с I века до н.э. по IV век н.э. В настоящее время эти артефакты хранятся в фондах Центрального государственного музея Республики Казахстан в г. Алматы.

С 1991 по 2001 годы А.Н. Подушкин в сотрудничестве с Южно-Казахстанским областным историко-краеведческим музеем руководил экспедицией по изучению памятников эпохи камня, бронзы и раннего железного века в зоне затопления Бугунского водохранилища на территории Южно-Казахстанской области.

А.Н. Подушкин имеет многолетний опыт археологической работы с памятниками каменного, бронзового, раннего железного века, раннего средневековья. Им обследовались стационарно и стратиграфически такие археологические объекты, как городища Отырар-Тобе, Кок-Мардан, Кумушик-Мардан, Культобе, Торткультобе, Караспантобе, Актобе, Толебайтобе, Алтынтобе, могильники Культобе, Тулебайтобе 1, 2 и другие.

А.Н.Подушкин как ученый-археолог имеет персональный фонд в Государственном музее Республики Казахстан.


Артефакты, полученные в процессе исследовательской работы А.Н. Подушкина, хранятся в Президентском культурном центре г. Астаны, Центральном государственном музее г. Алматы, историко-краеведческом музее Южно-Казахстанской области г. Шымкента, историко-краеведческом музее Международного казахско-турецкого университета имени А. Ясави.

А.Н. Подушкин имеет 130 научных публикаций, 5 монографий, одна из которых издана на государственном языке.

Подушкин А.Н. награжден юбилейными медалями «В честь 10-летия Независимости Республики Казахстан», «80-летие ЮКГПИ», нагрудным знаком «За заслуги в развитии науки Республики Казахстан», а также благодарственными письмами акимата Южно-Казахстанской области, ректоратом Международного казахско-турецкого университета имени А. Ясави, Южно-Казахстанского государственного педагогического университета.

НАРОЖНАЯ ВАЛЕНТИНА ДМИТРИЕВНА

доктор филологических наук, и.о. профессора



Нарожная В.Д. родилась 26 июня 1953 года в г. Чимкент ЮКО. В 1974 году с отличием окончила Чимкентский педагогический институт по специальности учитель русского языка и литературы. Трудовую деятельность начала в 1974 г. учителем русского языка и литературы в СШ им. «Спутник» Бугунского района ЮКО.

В 1975 г. была принята на работу преподавателем кафедры русского языка Чимкентского педагогического института. С 1996 года – доцент кафедры русского языка ШИ МКТУ им. А. Ясави, реорганизованного позже в Академический инновационный университет. С сентября 2011г.– доцент кафедры языкознания, с июня 2020 г. и по настоящее время – и.о. профессора кафедры русского языка и литературы ЮКГПУ.

В 1992 году В.Д. Нарожная защитила кандидатскую диссертацию на тему «Формы трансформации речевого этикета в негомогенной культурной среде» в МГУ им. М.В. Ломоносова (г. Москва). В 1996 году получила ученое звание доцента языкознания. В 2010 г. защитила докторскую диссертацию на тему «Невербальная коммуникация как этнокультурный феномен (теоретико-экспериментальное исследование)» по специальности 10.02.19 – *теория языка* в диссертационном совете Д 14.61.27 при Кокшетауском государственном университете им. Ш. Уалиханова.


Круг научных интересов Валентины Дмитриевны очерчен общетеоретическими и лингводидактическими проблемами теории невербальной коммуникации, межкультурного общения, национального языкового сознания, проблемами диахронии русского языка. Ею опубликовано более 350 научных работ, среди которых две монографии, более 30 учебных и учебно-методических пособий. Является руководителем 14 магистерских диссертаций по общим проблемам русского языкознания и теории межкультурной коммуникации.

Общий стаж преподавательской и научной работы В.Д. Нарожной в области русистики составляет 48 лет. Она является членом Совета КазПРЯЛ, членом Казахстанского общественного объединения «Выпускники российских вузов», членом правления славянского этнокультурного центра.

За высокие достижения в научно-исследовательской работе, многолетнюю плодотворную профессиональную и активную общественную деятельность награждена нагрудным знаком «Заслуженный работник образования Республики Казахстан» (2011г.), медалью «80-летие ЮКГПИ» (2017 г.), медалью А.С. Пушкина (МАПРЯЛ, Санкт-Петербург, 2018 г.), медалью «*Жылдың үздік ұстазы*» (2019), медалью имени М.В. Ломоносова Международной ассоциации ученых, преподавателей и специалистов РАЕ (г. Москва, 2020), Благодарственными письмами Ассамблеи народа РК (2020), Представительства Россотрудничества в РК (2018); президиума КазПРЯЛ (2018) и объединения «Выпускники российских вузов» (2019).

КУЛИКОВА ВАЛЕНТИНА КУПРИЯНОВНА

*директор ТОО «Собкор» (телеканал «Отырар-V»)
директор ТОО «Редакция РАБАТа», директор ТОО «ДАТА»*



Куликова Валентина Куприяновна родилась в 1944 г. в поселке Шахтинский Пермской области в семье шахтеров, в 1961 г. закончила среднюю школу и поступила в культурно-просветительское училище на отделение «Режиссура и актерское мастерство». Трудовую деятельность начала в театрах России, а затем в 1964 г. приехала в Казахстан, где работала в театрах Семипалатинска и Шымкента.

В 1975 г. закончила филологический факультет Чимкентского педагогического института по специальности «Русский язык и литература».

С 1978 г. работала в культурно-просветительских учреждениях области, директором клуба «Победа» ЧПО КПО, художественным руководителем парков города, заместителем директора ДК «Фосфор», директором Дома художественной самодеятельности. За это время окончила Высшую профессиональную школу культуры в Ленинграде. Затем возглавила в Казахстане Центр досуговой деятельности на самоокупаемой основе.

В 1992 г. создает первое авторское телевидение г. Шымкента. Является членом Ассамблеи народа Казахстана. За созидательную работу по укреплению дружбы, мира и межнационального согласия между народами и народностями, проживающими в Южном Казахстане, получила премию акима ЮКО «Бауырмал». Является членом комиссии по делам семьи и гендерной политики при акиме ЮКО, действующим членом комиссии по делам СМИ при Президенте РК. С 2003 г. руководит коллективом газеты «Рабат», она главный редактор этой газеты.

Валентина Куприяновна Куликова, непрерывно совершенствуя и развивая собственное дело, стала победителем Республиканского конкурса «Лучшее предприятие, возглавляемое женщиной» в номинации «Средства массовой информации». Она обладатель ордена «Құрмет» (2004 г.), награды «Лучшее СМИ» в номинации «Малый и средний бизнес». В 1985 г. получила медаль «Ветеран труда», в 1990 г. – Почетную грамоту Министерства культуры Республики Казахстан. За время работы неоднократно занимала призовые места во Всесоюзных конкурсах, возглавляла коллективы, которые побывали в городах Греции, Болгарии, Монголии и др.

За плодотворную работу и вклад в развитие ветеранского движения неоднократно награждалась грамотами Союза ветеранов войны в Афганистане и локальных войн РК. За активное сотрудничество и большую работу в формировании положительного имиджа внутренних войск перед общественностью награждена грамотой МВД РК. С 2004 по 2006 гг. была избрана президентом Национальной Ассоциации телерадиовещателей Казахстана. Принимала личное участие в разработке закона о СМИ.

Почетный гражданин г. Шымкент.

ДӘУЛЕТХАНҰЛЫ ӘЛІМҒАЗЫ

тарих ғылымдарының кандидаты, журналист, аудармашы



Дәулетханұлы Әлімғазы 1943 жылдың 15 қыркүйегінде ҚХР ШҰАР-ның Іле Қазақ автоном облысына қарасты Күнес ауданының Түрген ауылында мұғалім отбасында дүниеге келген.

1961 жылы Үрімжі қаласындағы Шыңжаң университетінің тарих-география факультетіне түседі, бірақ балалық арман жетегімен Қытай тілі-әдебиеті факультетіне ауысып, 1966 жылы университетті ойдағыдай бітіреді. Дайындық бөлімінде оқып жүргенінде сол жылдардағы Шыңжаңда шығатын жалғыз қазақ тіліндегі «Шұғыла» әдеби журналының 5-ші санында «Каникулда» атты тырнақалды әңгімесі жарияланады.

Жас маманның университетті бітірген кезеңі 1966-1968 жылдары Қытайда жүрген «Мәдениет төңкерісі» кезеңіне тұспа-тұс келеді. Дүрбелеңге толы 4 жылғы оқиғаларға қатысқаны үшін саяси қудалауға ұшырады. 1968 жылдың қыркүйегінде бүкіл Қытайда «Зиялыларды еңбекпен қайта тәрбиелеу» деген сылтаумен 1966-1967 оқу жылында бітірушілерді ауыл-қыстаққа қоныс аударуға мәжбүрлейді. Осыған байланысты Ә. Дәулетханұлы Бұратала Моңғол автономды облысына қарасты Арасан ауданына жер аударылып, оның Аққой фермасының 10-шы бөлімшесінде жылқы бағады.

Кеңестік тоталитарлық жүйенің қатаң бақылауына алынған Ә.Дәулетханұлы 1970 жылдың қаңтарында Көкшетау облысы Ш.Уәлиханов ауданының «Золотая Нива» совхозының «Қазанқап» бөлімшесіне жер аударылып, қойшының көмекшісі, тракторшы және әртүрлі қара жұмыстарға тартылып, бір совхоз көлемінен шығуға болмайтын паспорттық режимде 1972 жылға дейін болады. Сол 1972 жылдың қаңтарында өкімет орындарының арнайы рұқсаты бойынша Шымкент қаласына қоныс аударады. Оңтүстік өңірдегі өмір жолын қайтадан студенттік партадан бастайды. Осы жылы Шымкент қаласындағы педагогикалық институттың филология факультетіне түсіп, оны 1976 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша ойдағыдай бітіреді. Ә.Дәулетханұлы 1976-1989 ж.ж. аралығында сол тұстағы Бөген (қазіргі Ордабасы) ауданы Шұбар ауылындағы №146 селолық кәсіптік-техникалық училищеде (СПТУ) ұстаздық қызмет атқарады. 1989 жылдың соңында Алматыға қоныс аударып, республикалық «Алатау» телеарнасында журналист болып орналасып, 1992 жылға соңына дейін тележурналистика саласында қызмет атқарады. Әлімғазы Дәулетханұлы «Дүниежүзі қазақтары қауымдастығында» 1993-1994 жылдар аралығында бас маман болып қызмет істейді..

Түрік тілін тез арада еркін меңгерген ол 1994-1997 жылдар аралығында Халықаралық «Zaman-Қазақстан» газетінде аудармашы әрі журналист болып қызмет атқарды. Ғалымның зерттеу аясы Түркеш қағанатының құрылуы, түркештердің этникалық құрамы ежелгі руникалық түркі жазбаларындағы Түркеш қағанатына қатысты деректерді қарастыруымен кеңі түседі. Ізденістерге толы жылдардың жемісті қайтарымы ретінде 2002 жылы 6 қаңтарда «Түркеш қағанаты» (саяси және мәдени тарихын зерттеу 692-766 жылдар) атты күрделі тақырып бойынша тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. Диссертациялық зерттеу жұмысын белгілі тарихшылар К.Нұрпейіс, У.Шәлекенов, М.Асылбеков, М.Қойгелдиев, Т.Омарбековтер жоғары бағалады.

Белгілі филолог-түрколог ғалымдар М.Мырзахметұлы, М.Акар, И.Жеменей, Д.Қыдырәлілермен бірлескен авторлықта «Түркі халықтары әдебиетінің тарихы» (Түркістан, 2005) атты жоғары оқу орындарының барлық факультеттеріне арналған оқулық және хрестоматия жазуға да қатысады. Ә.Дәулетханұлының ұзақ жылдардағы ғылыми ізденістерінің жиынтығы ретіндегі «Ежелгі және орта ғасырлардағы түркілер» атты көлемді зерттеу еңбегі, «Түркеш қағанаты (692-766)» монографиялық еңбегі көптеген тың және нақтылы мәліметтер негізінде жазылып, ғылыми айналымға көптеген деректерді енгізді.

Ғалым түркі халықтарының әдебиеті мен өнеріне қосқан үлесі үшін «Алтын медалімен», «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» және Түркі әлемі ғылымының дамуына және тарихи тамырластықтың зерделенуіне қосқан өлшеусіз үлесі үшін Түркі академиясы Халықаралық ұйымының күміс медалімен марапатталады.



ӘБУОВ АЙДАР ПАРҚҰЛҰЛЫ
философия ғылымдарының докторы, профессор

Әбуов Айдар Парқұлұлы 1960 жылы 19 маусымда дүниеге келген. ҚР Мәдениет министрлігі Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығының директоры, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті академигі.

1982 жылы Шымкент педагогика институтын тарих мамандығы бойынша бітірген, 1982-1984 жылдары Жетісай ауданы мектептерінде тарих пәнінің мұғалімі, 1984-1985 жылдары Сырдария педагогика институтында тарих пәнінің оқытушысы болып істеді.

1985-1986 жылдары Г.В.Плеханов атындағы Мәскеу халық шаруашылығы институтында тағылымдамадан өтуші-зерттеушісі, 1986-1990 жылдары Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық институты аспирантурасында оқыған. 1991-1994 жылдары Түркістан қаласы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде аға оқытушы, доцент, 1994-1998 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дің халықаралық байланыс жөніндегі проректоры, 1997-1998 жылдары ХҚТУ Президентінің кеңесшісі, 1998-2002 жылдары ХҚТУ түркология ҒЗИ-ның директоры, «Философия» кафедрасының меңгерушісі, 2002-2004 жылдары ХҚТУ халықаралық байланыс факультетінің деканы, 2004-2005 жылдары – ХҚТУ оқу ісі жөніндегі проректоры, 2005-2008 жж. ҚР ҰҚК ҒЗИ ғалым хатшысы, 2008-2019 ҚР Мәдениет министрлігі Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығының директоры, 2014-2016 жж. Астана қаласы ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясының профессоры, 2016-2019 жж. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Дінтану» кафедрасының профессоры қызметтерін атқарған. 2019 жылдан «Ғылыми-зерттеу институты» ЖШС директоры, «Тұран-Астана» университетінің профессоры.

А.П.Әбуовтің Қазақстан, Түркия, Ресей, Польша, Қытай, Өзбекстан елдерінде 150-ден астам ғылыми еңбектері жарық көрген. Суфизм, ислам, дін философиясы мәселелерін зерттеумен айналысады. Фырат (Туркия) және Варшава университеттерінде дәріс оқыған. Малайзия, Швейцария елдерінде халықаралық ғылыми форумдарға қатысқан. ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясы мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің штаттан тыс профессоры болып саналады. 2007-2009 жылдары ҚР ӘМ Діни істер комитетінің сараптама тобының мүшесі. ҚР БҒМ Философия және политология институтында докторлық диссертация қорғау жөніндегі Кеңес мүшесі.



БЫЛІСБЕКОВ ЖҰМАҒАЛИ ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ

Шымкент қалалық «Азаматтық альянс» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті

Білісбеков Жұмағали Дәулетбекұлы 1959 жылы 23 қазанда Шымкент қаласында туған. 1982 жылы Шымкент пединститутын орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі, тәрбие ісі жөніндегі методист, 2002 жылы Қарағанды Қазақ тұтынушылар одағы сауда экономика университетін заңгер мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1982 жылы Шымкенттегі кооперативтік техникумда оқытушы, педагог-тәрбиеші болып бастап, 1991 жылға дейін аталған оқу орнында есеп бөлімінің жетекшісі, директордың оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, кәсіподақ комитетінің төрағасы болып қызмет істеген. 1991-2006 жж. түрлі саладағы кәсіпкерлікпен айналысып, жеке мекеме, ұйымдардың басшысы қызметін атқарған. 2008-2018 ж.ж. ОҚО Азаматтық альянсы үйлестіру кеңесінің мүшесі, 2018 жылдан Шымкент қалалық «Азаматтық альянс» заңды тұлғалар бірлестігінің (ОЮЛ) президенті.

Ж.Б. Білісбеков – 5-ші шақырылымдағы облыстық мәслихаттың, 6-шы шақырылымдағы қалалық мәслихаттың депутаты. «Ерен еңбегі үшін», «Халық алғысы» медальдерінің, «Облысқа сіңген еңбегі үшін» төсбелгісінің, «ҚР Тәуелсіздігіне – 20 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне – 25 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне – 30 жыл», «Облыстық мәслихатқа – 25 жыл» мерейтойлық медальдерінің, иегері түрлі деңгейдегі ұйымдардың Құрмет грамоталары мен Алғысхаттарымен марапатталған. Бәйдібек ауданы мен Оңтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы.

ЫСҚАҚ ӘКІМ

Тұңғыш қазақ тілінде жазылған «Халықтың көші-қоны туралы» заңының авторы, Ордабасы, Сарыағаш, Сайрам аудандарының Құрметті азаматы, ақын, сазгер



Ысқақ Әкім Әбдіхайымұлы 1960 жылы 3 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы), Ордабасы ауданы, Бөржар ауылында туған.

Шымкент педагогикалық институтының физика-математика факультетін физика және еңбек пәнінің мұғалімі біліктілігі бойынша (1983 ж.), Алматы мемлекеттік университетін бітірген заңгер мамандығы бойынша (1998 ж.) бітірген. 2008 жылы Германияның Шпайер қаласында Әкімшілік ғылымдар жөніндегі Неміс университетінде мемлекеттік қызметкерлердің курсында оқып, арнайы білім алған.

1980 жылдан өзі оқыған Абай атындағы орта мектеп мұғалімі, 1990 жылғы сәуірден Бөген аудандық партия комитетінің идеология бөлімінің нұсқаушысы. 1990 жылдың шілде айынан республикалық «Лениншіл жас» газетінің Қызылорда, Шымкент, Жамбыл облыстары бойынша меншікті тілшісі, әрі 1991 жылдың желтоқсан айынан халық депутаттары Шымкент облыстық кеңесінің баспасөз хатшысы. 1992 жылдың наурыз айынан Ордабасы ауданы білім бөлімінің меңгерушісі. 1995 жылы желтоқсанда баламалы негізде № 60 Ордабасы сайлау округінен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланды. 1999 жылдан Президент Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы (Қызылорда, Атырау, Жамбыл облыстары бойынша), Президенттің Парламенттегі Өкілдігінің бас инспекторы, Мәжіліс Төрағасы хатшылығы меңгерушісінің орынбасары, Сенат Аппараты жалпы бөлім меңгерушісінің орынбасары.

Қазақстан парламентаризмінде тұңғыш қазақ тілінде, әрі Үкіметке баламалы негізде «Халықтың көші-қоны туралы» заңын жазған депутат ретінде аты тарихта қалды. Жылға жуық қызу, текетірес талқылауда, Парламент қабырғасындағы

Ә.Ысқақ – ақын, жазушы, журналист, сазгер, сатирик ретінде республика жұртшылығына аты мәлім, қаламы қарымды қаламгер. Ол Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Балаларға арналған «Котлет» атты тұңғыш сықағы 1977 жылы «Қазақстан пионері» газетінде басылған. Әдебиет сүйер қауымға публицистикалық және көркем шығармалары арқылы жақсы таныс. Ол 1989 жылы Самарқандта өткен Орта Азия және Қазақстан жастары өнер және поэзия фестивалінің лауреаты, республикалық «Жігер» фестивалінің дипломанты. 1985 жылы «Бір физиктің махаббаты» атты өлеңін теледидар арқылы оқып, әдеби ортаның жоғары бағасына ие болып, ақын Ә.Тәжібаевтың батасын алды. Ол Оңтүстік Қазақстан облыстық С.Ерубаев атындағы жастар сыйлығының лауреаты (1993 ж.). «Лениншіл жаста» жарияланған «Ерте есейген қыз», «Темір табыт», «Генерал Сабыр Рақымов», «Асқаровтың кадры», «Атамекен, елім бармысың?» атты өткір материалдары үшін Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты атанды. (1992 ж.)

Әкім Ысқақ «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Конституциясына – 20 жыл», «Астанаға – 10 жыл», «Қазақстан Республикасы


Парламентіне – 10 жыл», «Астана» медальдарымен, «Тіл жанашыры-2009» құрмет белгісімен және Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысымен, Парламент Сенатының Құрмет Грамотасымен, Мәжіліс Төрағасының Алғысхатымен марапатталған.

Әкім Ысқақ – қазақ журналистикасының қайраткері, мектеп оқулықтарына бірнеше шығармалары енген, 30-дан аса кітаптары жарық көрген, туындылары бірнеше тілге аударылған белгілі қаламгер, ақын, сазгер, сатирик, журналист, заңгер.

Ел сыйлаған азамат 2014 жылы Сарыағаш ауданының Құрметті азаматы, 2021 жылы Сайрам ауданының Құрметті азаматы атанды.

АГМАНОВА АТИРКУЛЬ ЕГЕМБЕРДИЕВНА

доктор филологических наук, профессор



Агманова Атиркуль Егембердиевна – доктор филологических наук, профессор. В 1990 г. защитила кандидатскую диссертацию «Лексикографическое оформление отглагольных суффиксальных существительных со значением носителя процессуального признака в русско-казахских словарях» по специальностям 10.02.01 – русский язык; 10.02.02 – языки народов СССР, в 2008 г. – докторскую диссертацию «Предикатоцентрическая теория усвоения второго языка» по специальности «10.02.19 – теория языка» в КазНУ им. аль-Фараби. Атиркуль Егембердиевна работала в ведущих вузах страны: КазНУ им. аль-Фараби, ПГУ им.С.Торайгырова, ИнЕУ, Павлодарский педагогический университет, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Научно-педагогический стаж работы составляет 38 лет. На кафедре теоретической и прикладной лингвистики Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева работает с 2008 г.

Сфера научных интересов: теория усвоения второго языка (когнитивные, психолингвистические, социолингвистические, лингводидактические аспекты), контрастивная лингвистика, двуязычная лексикография, этноязыковые процессы и межкультурная коммуникация в полиэтничном обществе.

А.Е.Агманова в составе исследовательской группы являлась участником 3-х (2010; 2012-2014) и руководителем 2-х научно-исследовательских проектов (2015-2017) по линии МОН РК. Автор более 250 научных трудов, опубликованных в отечественных и зарубежных изданиях, в том числе монографии (Предикативность: теория и моделирование усвоения второго языка. Павлодар, 2007), 10 коллективных монографий (Языковое сознание казахстанских этносов (на материале социо- и

психолингвистических исследований / Под общей ред. А.Е. Агмановой. Астана, 2017 и др.), учебника, 9 учебных пособий (Усвоение второго языка: проблемы теории и методологии исследования, Астана, 2016 и др.), 2 словарей (Комплексный русско-казахский идеографический словарь / Под общ. ред. А.Е. Агмановой. Астана, 2017; Поликультурный Казахстан: ценностные представления в языковом сознании этносов: ассоциативный словарь. Астана, 2017).

А.Е.Агманова являлась инициатором и организатором проведения международных научно-практических конференций «Текст в системе обучения русскому языку и литературе» (2009 г., 2010 г., 2011 г., 2012 г., 2013 г., 2018 г., 2019 г., 2020 г.), «Евразийская толерантность: формы и виды проявления в Казахстане» (2015 г.), «Языковое сознание и этническая культура в контексте евразийского пространства» (2016 г.), «Межкультурная коммуникация и ее влияние на языковое сознание» (2017 г.), «Актуальные проблемы адаптации и интеграции репатриантов» (2017г.), Первых международных педагогических чтений «Школа – учитель – инновации в современном мире», посвященных 100-летию со дня рождения выдающегося педагога-новатора, общественного деятеля, Заслуженного учителя Казахстана, Героя Социалистического Труда Нуртазиной Рафики Бекеновны (2021 г.).

С 1998 года – член Казахстанской ассоциации преподавателей русского языка и литературы (КАЗПРЯЛ), член Совета КАЗПРЯЛ (с 2020 г.), член диссертационных советов Д 14.29.02 (2009-2010 гг.) и «8D023 – Языки и литература» (с 2019 г.) при ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, член международной редколлегии журнала «Вестник Северо-Восточного федерального университета имени М.К. Аммосова» (ВАК РФ), ответственный редактор, член редколлегии научных сборников, член экспертных комиссий по линии МОН РК.

Участник крупных международных форумов, конгрессов, конференций в странах ближнего (Россия, Беларусь, Украина) и дальнего (Великобритания, Испания, Румыния, Чехия, Эстония, Греция, Турция, Китай, Сингапур и др.) зарубежья.

Обладатель «Государственной научной стипендии для выдающихся исследователей и молодых ученых» (1996 г.), гранта Международного Фонда Сороса по результатам конкурса учебников для иноязычной аудитории (1996 г.). Награждена нагрудными знаками «Почетный работник образования Республики Казахстан» (2006) и «За заслуги в развитии науки республики Казахстан (2021). В 2020 году награждена Медалью А.С. Пушкина, присуждаемой Международной ассоциацией преподавателей русского языка и литературы (МАПРЯЛ).



ЕСІМ ҰЛЖАЛҒАС ӘШІМҚИЗИ
педагогика ғылымдарының кандидаты

Есім Ұлжалғас Әшімқызы 1959 жылы 10 шілдеде туған.

1976 жылы орта мектепті, 1983 жылы Шымкент педагогикалық институтының филология факультетін орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген. 1978-2001 жж. Алғабас (Бәйдібек) ауданындағы «Қызылжар» бастауыш мектебінің меңгерушісі, «Төрткөл» орта мектебі комсомол ұйымының хатшысы, осы оқу орны директорының орынбасары, Шымкенттегі Рысқұлов атындағы №25 мектеп-гимназиясы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 2003-2012 жж. Шымкенттегі Т.Рысқұлов атындағы №25 мектеп-гимназиясының директоры қызметін атқарды. Аталған мектеп 2010 жылдың қорытындысы бойынша ОҚО әкімінің «Облыстың ең үздік мектебі» дипломын, 2011 жылы мектеп-гимназия «Заманауи мектепті басқару моделі» атты Республикалық байқауда 1-орынды иеленді. 2012 жылы Білім басқармасының шешімімен Шымкент қаласындағы №24 Саттар Ерубасев атындағы мектепке сапалық деңгейін арттыру мақсатында ауыстырылды. Аталған білім ошағы 3 жыл эксперимент алаңында жұмыс жасап, шығармашылықпен жүйелі ұйымдастырылған істің нәтижесінде 2015 жылы мектеп-лицей статусына ие болды. Бұл мектепті 2012-2020 жылдар аралығында басқарды. 2020 жылдан қазірге дейін М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің аға оқытушысы қызметінде.

Өскелең ұрпаққа білім беру және тәрбиелеу ісіне қосқан үлесі, есели еңбегі еленіп, Ы.Алтынсарин, ҚР «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілерімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 25 жыл», «Еңбек ардагері» медальдерімен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталары және Алғысхаттарымен бірнеше рет марапатталды.

ТҰРСЫН ХАЗРЕТӘЛІ МАХАНҰЛЫ
тарих ғылымдарының докторы, профессор



Тұрсын Хазретәлі Маханұлы 1960 жылы Тәжікстан Республикасы Қорғантөбе облысы, Пархар ауданында дүниеге келген. 1967-1977 жылдары Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Красная звезда ауылындағы №52 орта мектепте оқып, еңбек жолын жұмысшы болып бастаған.

1978-1983 жылдары Шымкент педагогика институтының тарих факультетінде оқып, тарих және қоғамтану пәнінің мұғалімі, тәрбие ісінің методисі мамандығы бойынша бітіріп шыққан. Институт қабырғасында жүріп «Сыр» әдеби бірлестігіне басшылық жасаған. 1983-1991 жылдары Жаңақорған ауданындағы орта мектептерде, аудандық комсомол комитетінде, Білім қоғамы аудандық бөлімшесінде, аудандық партия комитетінде, Қазақ тілі қоғамы аудандық бөлімшесінде қызмет істеді. 1992-1994 жылдары №52 Красная звезда орта мектебінде директор, 1994-1996 жылдары Жаңақорған ауданы әкімшілігі Тіл басқармасының бастығы, 1996-2000 жылдары №86 Шалқия орта мектебінің директоры қызметтерін атқарды. 1994-1999 жылдары Жаңақорған аудандық мәслихатының депутаты.

2001 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология ғылыми зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкер, 2002 жылы қыркүйегінен осы кезге дейін Қазақстан тарихы кафедрасының доценті. 2005-2006 жылдары аға ғылыми қызметкер болып ғылыми ізденіс жұмыстарымен айналысты. 2007 жылы Түркістан қаласы Әкімінің Жылдың үздік ғалымы номинациясы бойынша марапатталған.

Х.Тұрсын ғылыми ізденіс жұмыстарына студенттік жылдарынан араласты. Оның осы салаға қызығушылығына Шымкент педагогика институтының ғалымдары Р.Бекназаров, М.Ауанасовтардың және ұстаздары К.Нұрпейіс, М.Х.Асылбеков, Е.Б.Сыдықов, Х.М.Әбжанов, Қ.Алдажұмановтардың ықпалымен ұлт тарихының дамуын ұлттық мүддемен байланыстырған алаштанушы болып қалыптасты. Осы кезге дейінгі аралықта оның қаламынан туған тарих, этнология саласында монография, оқулықтармен бірге 200-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік және әдеби мақалалары, «Құрбан ата тағлымы» (1993), «Бегайдар Жантөреұлы Аралбаев» (1996), «Билердің соңғы тұяғы» (2010) кітаптары жарық көрді.

Х.Тұрсын ҰҒА академигі, профессор Кеңес Нұрпейістің жетекшілігімен 2001 жылы 21 қыркүйегінде Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жанындағы Диссертациялық кеңесте «Түркістан (Қоқан) автономиясының құрылуы мен күйреуі (1917-1918)» тақырыбында тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және

Түркістан мұхтарияты» (2006) атты монографиясы жарық көрді. К.Нұрпейістің кеңесшілігімен 2007 жылы 27 қыркүйегінде «Түркістан ұлттық элитасының қалыптасуы мен қызметінің тарихы (1900-1924)» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. 2010 жылы 23 қыркүйегінде Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің жанындағы Диссертациялық кеңесте т.ғ.д., профессор Е.Б.Сыдықовтың ғылыми кеңесшілігімен «Түркістанның этносаяси үдерістеріндегі ұлттық элита қызметінің тарихы (XX ғасырдың алғашқы ширегі)» тақырыбында тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қайта қорғады.

Х.Тұрсын Алматы, Мәскеу, Ташкент қалалары мұрағаттарының Алаш және Түркістан ұлт-азаттық қозғалыстарының қайраткерлері және олардың тарихи қызметтеріне қатысты көптеген деректік құжаттарын ғылыми айналымға ұсынды. Түркістан ұлттық элитасының Қ.Ибрагимов, С.Өтегенов, С.Алдабергенов, Қ.Қожықов, С.Ақаев, И.Тоқтыбаев, Б.Аралбаев, Н.Сатығұлов, Ә.Оразаев сияқты қайраткерлерін тұлғаландырды. М.Шоқай, С.Лапин, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Асфендияров, М.Дулатов, М.Жұмабаевтардың ғылыми өмірбаянын тың деректермен толықтырып, олардың қоғамдық-саяси қызметіне ұлттық мүддеге қатыстылығына қарай бағалаған жаңа көзқарас орнықтырды. Оның «Тарихи шындық ешкімнің меншігі емес», «Мекемтас ағаға хат немесе ұлттық элита рухсыздығының түп-тамыры қайда?», «Ақ жол» газетін жапқан кім, жапқызған кім?», «Ақ жол» газеті және Т. Рысқұлов», «Алаштың ақиқатын қашан айтамыз, қалай айтамыз?» (2008 ж.) атты мақалаларында, «Алаш қозғалысының Оңтүстік қанаты» атты жинағында (2011 ж.) отан тарихының мазмұнын ұлттық мүддеге сай толықтыру және жаңалаудың әдіснамасын негіздеген ғылыми тұжырымдары баяндалды.

Х.Тұрсын алғашқылардың бірі болып отандық тарих ғылымының мәселелерін элиталық көзқарас тұрғысында қарастырудың теориялық-әдіснамалық тәсілін және Алаш қозғалысының Оңтүстік қанаты жөнінде ғылыми тұжырымдамасын негіздеді. Бұл жаңалықтар Алаш қозғалысының тарихнамасына елеулі үлес болып қосылды. Ғылыми-педагогикалық қызметі барысында дайындаған «Мектепте тарихты оқыту әдістемесі» (2004, 2010) оқу құралы республиканың жоғары оқу орындарында оқытылып келеді. Тарихи таным мен тарихи сана қалыптастыру

тақырыбындағы әдістемелік мақалалары республикалық басылымдарда жарық көрген.



ҚАЛМЫРЗАЕВ ӘМЗЕ (1953-2021)

ақын, баспагер

Қалмырзаұлы Әмзе 1953 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы), Сарыағаш ауданында дүниеге келген. 1984 жылы Шымкент педагогика институтын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген.

1983 жылы өткен Республикалық шығармашыл жастардың «Жігер» фестивалінің дипломанты, 2002 жылдан Әлемдік монғолтанушылар ассоциациясының мүшесі, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі.

Ол әртүрлі деңгейдегі газет редакцияларында, Қазақстан Жазушылар одағы облысаралық бөлімшесінде жұмыс істеген. 1989 жылы Оңтүстік Қазақстан және Өзбекстан жас ақын-жазушыларының тәуелсіз «Игілік» ассоциациясын өмірге әкеліп, президенті болды. Сол жылы «Игілік» ассоциациясы құрылтайшылығымен тәуелсіз «Ақтолғай», ал 1991 жылы қазақ, өзбек, тәжік, қырғыз, түркімен тілдерінде 200 000 данамен жарыққа шыққан «Наурыз» газетінің өмірге келу идеясының авторы және редакторы. Қазақстанда тұңғыш жекеменшік кітаптар дүкенін ашып, сол ассоциация негізінде құрылған (1990) ЖШС «Қасиет» баспасының бас редакторы және директоры қызметінде болды.

Ә.Қалмырзаевтың «Күн саңы», «Арман қуып адассам, кешір мені...», «Адуын ағыстар», «Құбылыс» атты жеке жыр жинақтары, «Мен сені көргелі», «Кереметнама», «Он екі таным», «Туысқан», «Теберік дүние», «Ойдың күші» т.б прозалық кітаптары, сондай-ақ 1999 жылы «Өмірдің он сегіз жылы» айдарына топтастырылған үш томдығы («Алшы», «Көз аясындағы әлем», «Қалтарыстағы қазына») Алматыдан, 2001 жылы «Аспан мен Даланың төрт ұмытылған тарихы» атты тарихи-философиялық жанрдағы кітабы Мәскеуде жарық көрді. 2003 жылы «Шыңғыс ханның шындығы - қазаққа жасырылған құпия» атты монографиясы роман-газет болып оқырмандарға жол тартты. 2004 жылы «Алтын төркін» атты роман-эссесі және «Ой гладиаторы» атты көлемді әдеби-зерттеу еңбегі басылып шықты.

1989 жылдан бері бес рет қайта жаңарып, жарыққа шыққан «Түркістан теберігі» кітабы 2005 жылы ағылшын, орыс, түрік тілдеріне аударылған нұсқасымен қоса еуропалық қазақ туыстарға арнап латын әрпімен берілген қазақша нұсқасы бірігіп, үлкен кітап болып жарық көрді. Сондай-ақ

бүркеншік атпен «Даналық сүрлеуі», «Жақсы сөз», «Денсаулықнама» т.б кітапшалары жарық көрген.

БАЙТАНАЕВ БАУЫРЖАН ӘБІШҰЛЫ

*ҚР Ұлттық Ғылым академиясының мүше-корреспонденті,
тарих ғылымдарының докторы, профессор*



Байтанаев Бауыржан Әбішұлы 1962 жылы дүниеге келген. 1984 жылы Шымкент педагогикалық институтын тарих және педагогика мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын Отырар ауданындағы мемлекеттік археологиялық мұражай қорығының аға ғылыми қызметкері болып бастаған. 1987-1993 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайында аға ғылыми қызметкер жұмысын атқарды.

1993 жылы диссертациясын қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін, 2006 жылы доцент ғылыми атағын алды. 1995 жылдан ҚР гуманитарлық академиясының корреспондент-мүшесі.

2000-2006 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің археология, этнология және мұражай ісі кафедрасының меңгерушісі, сонымен бірге осы университеттің археологиялық энциклопедиясының жетекшісі, 2007 жылдан археологиялық ғылыми-зерттеу орталығының директоры қызметтерін атқарды.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің іргелі және қолданбалы зерттеу бағдарламасы шеңберіндегі «Испиджаб аумағы қала мәдениетінің пайда болуы мен кенттену дамуын зерттеу» жобасының жетекшісі, мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын «Шымкент қала жұрты» тақырыбы бойынша орындаушы, ЮНЕСКО-ның халықаралық «Керуенсарай» жобасын орындаушы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің А.Х.Марғұлан атындағы археология институтының далалық комитетінің мүшесі қызметтерін атқарды.

Б.Байтанаев жүзден аса ғылыми еңбектердің авторы. Оның ішінде «А.Диваевтың өмірі мен қызметі», «Көне Испиджап» деген аса маңызды еңбектерін атауға болады.

Б.Ә.Байтанаев қазіргі таңда ҚР БЖҒМ Ә.Марғұлан атындағы Археология және этнология институтының директоры қызметін атқаруда.

РОМАНОВА НАТАЛЬЯ СЕРГЕЕВНА

директор библиотеки имени А.С. Пушкина, член Совета Национальной федерации ЮНЕСКО, почетный гражданин города Шымкента, председатель городского славянского этнокультурного объединения



Романова Наталья Сергеевна родилась в 1957 году в г. Шымкент, общий педагогический стаж ее трудовой деятельности составляет 48 лет.

В 1982 году поступила на филологический факультет Чимкентского педагогического института и в 1987 году успешно окончила его по специальности «Русский язык и литература».

Свою трудовую деятельность Наталья Сергеевна начала педагогом Дома пионеров Энбекшинского района г. Шымкента. Затем работала директором Шымкентского городского детско-юношеского центра. С января 2015 года – директор ГККП «Дворец школьников» Управления образования г. Шымкента.

Деятельность коллектива Дворца школьников была оценена по достоинству Министерством образования и науки Республики Казахстан. Учреждение вошло в «Золотую книгу» внешкольного образования страны.

По инициативе Н.С. Романовой, Дворец школьников г. Шымкента вступил в Казахстанскую Национальную Федерацию Клубов ЮНЕСКО. За активное участие в работе Федерации на общем собрании Клубов ЮНЕСКО Н.С. Романова была избрана руководителем Клуба. На первом форуме Клубов, Ассоциаций, партнеров и друзей ЮНЕСКО Н.С. Романова была избрана членом Правления Казахской Национальной Федерации Клубов ЮНЕСКО.

С сентября 2021 года Наталья Сергеевна вступает в должность директора городской библиотеки имени А.С. Пушкина, где под ее руководством сплоченный коллектив активно проводит литературно-музыкальные вечера, литературные и поэтические чтения, различные мероприятия, посвященные государственным праздникам.

Помимо основной работы занимается общественной работой, является председателем Славянского этнокультурного объединения г. Шымкента.

Н.С. Романова награждена нагрудным знаком «Отличный работник образования Республики Казахстан», нагрудным знаком Ы. Алтынсарина, общественной наградой «Қазақстан халқы Ассамблеясының Қоғамдық бірлік Алтын медалі», благодарственным письмом Ассамблеи народа Казахстана.

Н.С. Романова является лауреатом премии акима Южно-Казахстанской области «Бауырмал», автором многочисленных сценариев областных, городских мероприятий, направленных на сохранение межэтнического согласия и единства, разработчиком Положений различных конкурсов и фестивалей.

В 2016 году в канун празднования 25-летия Независимости Республики Казахстан Н.С. Романова была награждена орденом «Құрмет» и нагрудными знаками «Оңтүстік Қазақстан облысын дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін», «Шымкент қаласын дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін». В марте 2019 года ей присвоено звание «Почетный гражданин города Шымкента».



ТОЙЛЫБАЕВ БЕКАЙДАР АДАМБЕКҰЛЫ

*педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
полиция полковнигі*

Тойлыбаев Бекайдар Адамбекұлы 1962 жылдың 16 қазанында қазіргі Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Киелітас ауылдық әкмшлігі, Ақайдар ауылында дүниеге келді. 1970 жылы Ақайдар бастауыш мектебінде оқып, 1980 жылы Леңгір қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы №2 орта мектебін бітірді.

Мектеп қабрғасында жүріп еркін күреспен айланысып, аудан және облыс атынан күресіп, үздіктер қатарында болды. Мектептен кейін 1980 жылдың 5 желтоқсанында «Фосфор» өндірістік жабдықтар бірлестігінің құрылыс қоймасына жүк тасушы болып орналасты. 1981-1983 жылдары Отан алдындағы әскери борышын атқарды. 1985-1989 жж. аралығында М.Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтында дене шынықтыру пәнінің оқытушысы мамандығында оқыды. 1989 жылдың 15 тамызында «Дене шынықтыру теориясы мен методикасы» кафедрасына жас маман ретінде оқытушы болып қабылданды.

Ғылыми диссертациялық жұмыс жазу мақсатында, 1992 жылы Абай атындағы ҚазМПУ-ге аспирантураға түсті. 1995 жылдың 22 қазанында «Бастауыш мектеп оқушыларының дене шынықтыру сабағында халықтық педагогика элементтерін пайдалану» атты тақырыпта диссертациялық жұмысын уақытынан бұрын қорғады.

1995 жылдың 1 қарашасында Шымкент педагогикалық дене шынықтыру институтының «Гимнастика» кафедрасына аға оқытушы болып қабылданып, 1996 жылдың 12 қаңтарында «Гимнастар және ДШТ және М» кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалды.

1997 жылдың 22 желтоқсанында ҚР ІІМ Қостанай жоғарғы мектебіне ауысты. 1997 жылдың желтоқсан айынан 2003 жылдың ақпан айына дейін ҚР ІІМ Қостанай заң институтының «Әскери және дене даярлау» кафедрасы бастығының орынбасары, доцент және кафедра бастығы қызметін атқарды. 2003-2004 жылдары ҚР ІІМ Қостанай заң институтының тәрбие және кадр жұмысы бойынша бастықтың орынбасары болып қызмет атқарды.

2004 жылы Қостанай заң институты ҚР ІІМ-нен ӘМ ҚАЖК өтуіне байланысты ҚР ІІМ Алматы Академиясына тәрбие жұмыстары бөлімінің бастығы лауазымына ауысты. Қызметтен қол үзбей 2000 жылы Абай

атындағы Алматы мемлекеттік университетінің докторантурасына ізденуші ретінде бекіп, 2005 жылы «ҚР ІІМ ЖОО тыңдаушыларды тәрбиелеудің педагогикалық негіздері» атты тақырыпта докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

2007 жылдың 22 қаңтарында Түркістан қаласы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-де педагогикадан диссертациялық кеңестің ашылуына байланысты ғалым ретінде кеңестің жұмысын жандандыру мақсатында кеңес мүшесі және «Жалпы педагогика және этнопедагогика» кафедрасының профессоры қызметіне ауысты.

2008 жылдың 10 қазанында М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің тәрбие және әлеуметтік жұмыстар бойынша проректоры қызметіне тағайындалды және педагогика ғылымдары мамандығының докторлық кеңесінің төрағасы болды.

2010-2013 жылдары Астана Қаржы полициясы академиясына кафедра профессоры, бастықтың кәсіби даярлық орынбасары қызметін атқарды. 2013 жылдың 16 қазанында ҚР Ішкі Істер министрінің бұйрығымен ІІМ Б.Момышұлы атындағы Шымкент оқу орталығының бастығы қызметіне ауысты.

Тойлыбаев Бекайдардың бүгінгі күнге дейін 50-ден астам ғылыми еңбектері жарияланған және оның жетекшілігімен 6 ғылым кандидаты, 2 ғылым докторы дайындалды.

ДЕЦИЕВ БИСОЛТ

Әлем кубогының 4 дүркін иегері, Шымкент қаласының Құрметті азаматы



Дециев Бисолт Османұлы 1964 жылы Шымкент қаласында дүниеге келді. 1983-1989 жж. Шымкент педагогикалық институтында оқыды.

Б.О.Дециев – классикалық күрестен Әлем кубогының 4 дүркін иегері. 1987 жылы Албания, АҚШ, 1989 жылы Фредерикштат (Норвегия), 1990 жылы Готенбург (Швеция), 1991 жылы Тессалоники (Греция) қалаларында өткен жарыстарға катысып, 1988 жылы Еуропа чемпионы (Колбот, Норвегия) атанды. Әлемнің үздік балуаны ретінде Гран-при (Будапешт, 1989) иегері.

1990, 1991 жылдарда КСРО 2 дүркін жеңімпазы атанды. КСРО халықтар достығы спартакиадасының жеңімпазы (1991), Шымкент қаласының Құрметті азаматы.

АЙМАҚ ӘБІЛДА (1954-2015)

*Қазақстан Жазушылар одағының облысаралық бөлімшесінің төрағасы,
Халықаралық Физули атындағы сыйлықтың иегері, белгілі ақын*



Аймақ Әбілда 1954 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы), Ордабасы ауданы, Қажымұқан атындағы кеңшардың Коммунизм бөлімшесінде дүниеге келді. Коммунизм сегізжылдық мектебін бітіріп, орта мектепті сырттай аяқтаған. Еңбекке 16 жасынан араласқан ол 1969 жылдан 1981 жылға дейін сушы, тракторшы, шопан мамандықтары бойынша жұмыс істеп, кейін аудандық мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі қызметтерінде болды. 1981-1990 жылдары Шымкенттегі «Шымкентқұрылыс» тресіне қарасты мекемелерде тас қалаушы болып жұмыс істеді.


Ә.Аймақ 1990 жылы Қазақстан Жазушылар одағының облысаралық бөлімшесіне қызметке келді. 1993 жылдан осы бөлімшенің төрағасы, 2001 жылдан Жазушылар одағы облыстық филиалының директоры. Шымкент педагогика институтының филология факультетін 1990 жылы сырттай бітірген. 1989-1992 жылдары облыстық «Қазақ тілі» қоғамының бюро мүшесі ретінде қоғамдық жұмыстарға араласты.

Ә.Аймақтың шығармашылық жолы 1972 жылдан басталды. 1983 жылы Республика жас жазушыларының кеңесіне қатысады. 1984 жылы жас ақындардың дәстүрлі жыр жинағы «Қарлығашқа» бір топ өлеңдері енеді. Оның «Мерейлі мекен», «Мүшайра-92» жыр жинақтары арқылы оқырмандарға таныла бастайды. Ақынның «Ләйла», «Домалақ ана кесенесі», «Жүрегімде махаббат», «Алтын бесік», «Түркістан», «Билік биігінде», «Ақ жол», «Талбесік» атты кітаптары бар.

Ә.Аймақ көптеген әндердің сөзін жазған. Ақын – 1992 жылғы облыстық «Мүшайраның» жеңімпазы, 1993 жылғы Алматыда өткен республикалық жабық жыр конкурсының бас жүлдегері болды. Оңтүстік Қазақстан облысының Грамотасымен марапатталған. Соңғы жылдары Әбілда Аймақтың екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы жарық көрді. 2004 жылы Түркия Республикасы Мәдениет және туризм министрлігінің ұйымдастырумен «Түрік әлемінің жаңғырығы» атты Халықаралық ақындар жарысында 84 шығарманың ішінде 1-орын алып, Халықаралық Физули атындағы сыйлықты иеленді. Сондай-ақ Ә.Аймақ Қ.Қазиев атындағы республикалық сыйлықтың иегері.

ТӘЖИЕВА ЖАНАТ АРЫСБЕКҚЫЗЫ

Шымкент қаласы білім басқармасының басшысы



Тәжиева Жанат Арысбекқызы 1969 ж. ОҚО (қазіргі Түркістан облысы), Отырар ауданы, Шәуілдір елді мекенінде дүниеге келген. Еңбек жолын 1986 ж. Төлеби ауданында «Новострой» орта мектебінде аға пионер вожатый, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдігінен бастаған. Білім саласындағы адал еңбегі мен ізденімпаздығының арқасында ұстаздықтан білім бөлімі 1990-1992 жж. бастауыш сынып мұғалімі, 1992-1998 жж. Шымкент қ. №41 орта мектебінде, 1998-2000 жж. Ә.Молдағұлова атындағы №29 орта мектебінде, 2000-2005 жж. Қ.Сыпатаев атындағы техникалық мектеп-лицейінде, 2005-2008 жж. Оңтүстік Қазақстан облысының білім департаментінде бас маман, 2008-2009 жж. бөлім бастығы, 2014-2016 жж. Шымкент қаласы әкімі аппараты ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бөлім басшысы, 2016-2018 жж. Шымкент қаласының білім бөлімінің басшысы, 2018-2019 жж. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысының Білім саласындағы бақылау департаментіннің басшысы 2020 жылдан бастап Шымкент қаласының білім басқармасының басшысы қызметін атқарады.

2001 жылы республикалық мұғалімдер арасындағы пән олимпиадасында II орын, 2003 жылы ұстаздар арасындағы ғылыми-әдістемелік жұмыстар мен жаңа идеялар сайысында I орын, 2013 жылы басқарма, бөлім басшылары арасында «Үздік білім беру менеджері» республикалық байқауында I орынға ие болған. Сондай-ақ, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Алғысхатымен, «ҚР Білім беру ісінің үздігі», «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері», Ы.Алтынсарин төсбелгілерімен, «ҚР Тәуелсіздігіне – 20 жыл» медальдерімен марапатталған. «Жаңа адамды тек жаңашыл ұстаз тәрбиелейді» атты педагогикалық әдістемелік оқулықтың авторы.

ИСМАЙЛОВ КЕНЕС СЕРИКБАЕВИЧ (1965-2019)

известный журналист, поэт



Исмаилов Кенес Серикбаевич – журналист, поэт, писатель, бард; выпускник филологического факультета Чимкентского педагогического института. В студенческие годы был заместителем секретаря комитета комсомола, после учебы работал на кафедре

методики преподавания русского языка и литературы.

Кенес Исмаилов известен в журналистской среде страны и среди широкой общественности как грамотный, толковый, интерактивный пресс-секретарь акима Южно-Казахстанской области. Его знаменитую фразу «Шымкент – это лучший город в мире!» знают практически все корреспонденты республики, приезжавшие хоть однажды в южный регион. А те, кто этого никогда не слышал, после презентации Кенеса о его любимом городе и области (смотрите фильм Бахыта Каирбекова «9-ая территория»), понимают, что Южный Казахстан – это действительно уникальный край.

Проработав многие годы в пресс-службе акимата г. Шымкента, Кенес Исмаилов был приглашен на должность заместителя редактора областной общественно-политической газеты «Южный Казахстан», где он продолжает работать и ныне.

В среде творческой интеллигенции Кенеса Исмаилова высоко ценят как состоявшегося писателя и одаренного поэта; о его поэтическом и писательском призвании говорят критики и литературоведы, студенты пишут курсовые и дипломные работы по его произведениям. Книги К. Исмаилова «Дерн» и «Тоскаул», сборники стихов и песен написаны с большой теплотой и проникновенностью чувств, и все они обращены к своей родине и ее людям. Новый сборник рассказов под названием «Блокнот» – еще одно признание в любви отечеству, близким и родным: все, на что падает его взгляд, вызывает его любовь, приятие существующего таким, как оно есть. В этом весь Кенес Исмаилов, в чем и сказывается «гуманная» и «гуманитарная» сила воспитания литературой и культурой языка.

Еще одна очень яркая и общепризнанная сторона его личности – увлеченность альпинизмом. Кенеса уважают не только как покорителя вершин, но и как автора великолепных поэтических творений. В большинстве из них Кенес восхищается красотой Тянь-Шанских гор и предгорий, долин и ущелий, повествует об удовольствии, получаемом от незабываемых встреч у костра с друзьями и единомышленниками.

Кенес Исмаилов имеет большое количество похвальных грамот и дипломов, в том числе от международных организаций. Сам он больше всего гордится тем, что является почетным работником туризма Республики Казахстан, дипломантом Союза Журналистов РК и лауреатом международного конкурса авторской песни «Астана-2010». Его песни с удовольствием слушают в разных кругах, их знают наизусть, исполняют в походах у костра или просто в дружеской компании.



ОРАЛБАЕВА ЗЭУРЕ ӘБДІХАМИТҚЫЗЫ

*ҚР Журналистер Одағының мүшесі, Оңтүстік Қазақстан облысының
Үздік журналисі*

Оралбаева Зәуре Әбдіхамитқызы 1969 жылы, 2 қазан күні қазіргі Түркістан облысы Ордабасы ауданы Темірлан селосында туған. 1976 жылдан 1986-ға дейін Темірлан аулындағы Амангелді Иманов атындағы орта мектебінде оқып, күміс медальмен бітірді. 1986-1991 жылы М. Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтының филология факультетінде ұлт мектептеріндегі орыс тілі, әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын үздік дипломмен бітірді. Бір жыл ауылда, өзі оқыған мектепте орыс тілі, әдебиеті пәнінен сабақ беріп, 1992 жылдан Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтының оқытушысы болып жұмыс істеді. 1997 жылы жергілікті «Отырар» телеарнасына аудармашы болып келісімшартпен жұмысқа алынды. Телевизия саласының жұмысына машықтанып, 1998 жылы Алматыдағы Интерьюс-Қазақстан ұйымының, 1999 жылы Венгрияның Будапешт қаласында Халықаралық тележурналистика курстарын бітірді.

1997-2019 жылдары «Отырар» медиахолдингінің журналисі, редакторы, бас редакторы, 2019 жылғы сәуір айынан 2022 жылғы шілде айына дейін Шымкент қаласы әкімдігінің «Рухани жаңғыру» бөлімінің меңгерушісі, 2022 жылы ОҚМПУ орыс тілі, әдебиеті кафедрасының оқытушысы болып еңбек етті.

Оралбаева Зәуре Әбдіхамитқызы – ҚР Журналистер Одағының мүшесі, Оңтүстік Қазақстан облысының Үздік журналисі (2007) , «Электронды БАҚ-тың Үздік бас редакторы» (2015), «Шымкент қаласының дамуына айрықша үлес қосқаны үшін» (2016) жылы медальдерімен, бірнеше рет ҚР Президентінің, ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің Грамотасымен, қала, облыс әкімдерінің Грамота, Алғысхаттарымен, ОҚО, Шымкент қалалық мәслихаттарының Грамоталарымен марапатталған.



МЕДЕТБЕКОВА МЕРУЕРТ АСҚАРБЕКҚЫЗЫ

*Шымкент қаласы білім басқармасына
қарасты Әдістемелік орталық КММ директоры,
филология ғылымдарының кандидаты*

Медетбекова Меруерт Асқарбекқызы 1969 жылы Жамбыл облысы, Талас ауданы, Ойық ауылында дүниеге келген.

Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебін үздік бітіріп, 1987 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, 1992 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығын алды.

Еңбек жолын 1992-1997 жылдар аралығында Төлеби ауданы, «Георгиевка» жалпы орта мектебінде мұғалім болудан бастады.

Шымкент қаласында 1997-2001 жылдар аралығында №47 мектеп-гимназиясында мұғалім болды. 2001-2014 жылдар аралығында Қ.Ясауи атындағы ХҚТУ аға оқытушы, ғалым хатшы қызметтерін атқарды.

2005-2007 жылдар аралығында А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының аспирантурасын үздік тәмамдап, Тіл білімі институтында 2007 жылы «Ауызша іскери тіл мәдениеті» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. 2014-2018 жылдар аралығында «Өрлеу «БАҰО» Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша ПҚБАИ кафедра меңгерушісі болды. 2018 жылдан бастап, «SMART-маман» оқу орталығының директоры қызметін атқарды.

2019 жылдың қараша айынан Шымкент қаласы Білім басқармасына қарасты «Әдістемелік орталығы» КММ директоры қызметіне тағайындалып, осы кезге дейін абыройлы жұмыс атқаруда.

М.Медетбекова – 100-ден аса ғылыми мақалалар мен 6 оқу құралының авторы. Атап айтсақ, «Дуалды оқыту жүйесі барысында оқу үдерісіне инновациялық білім беру технологияларын енгізу», «Жетекші он колледж және он ЖОО-на НЗМ тәжірибелерін енгізу туралы», «Жаңа тұрпаттағы сабақтарды құрылымдау», «Тілді екінші немесе шетел тілі ретінде оқыту әдістемелерінің ерекшеліктері», «Белсенді әдіс-тәсілдер», «Латын әліпбиі – ұлттық бірегейлік пен рухани жаңғырудың негізі», «Ауызша іскери тіл мәдениеті», «Заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану» атты еңбектері жарық көрген.

2020 жылы Болгария мен Шымкент қаласы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетімен бірлесе ұйымдастырылған халықаралық конференцияға «Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында инклюзивті оқыту» тақырыбында баяндамасын ұсынды.

Меруерт Асқарбекқызы түрлі деңгейде марапаттауларға ие. Шымкент қалалық мәслихатының, қала әкімінің, ҚР Оқу-ағарту министрлігі, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, Республикалық Қосымша білім беру департаменті, Ерекше білім беруді қолдау департаменті, ҚР Қорғаныс министрлігі, Төтенше жағдайлар департаменті, «Аманат» партиясы, «Өрлеу» БАҰО АҚ, ОҚМПУ т.б. құзырлы мемлекеттік мекемелердің медаль, Алғысхаттары мен Құрмет грамоталарымен марапатталынған.

ЛЕУБАЕВА АҚМАРАЛ ПЕРНЕБЕКҚЫЗЫ

айтыскер ақын,

филология ғылымдарының кандидаты



Леубаева Ақмарал Пернебекқызы 1969 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы), Бәйдібек ауданы Ақбастау ауылында жұмысшы отбасында дүниеге келген. 1986 жылы Ақмешіт ауылындағы Қ.Спатаев атындағы орта мектепті бітіріп, сол ауылда механизатор болып жұмыс істейді.

1987 жылы М.О.Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтының филология факультетіне түсіп, оны 1992 жылы үздік дипломмен бітіріп, осы оқу орнына оқытушылық қызметке қабылданды. А.Леубаева 1988 жылдан бастап өнер саласында, республикалық, облыстық, көлемде өтіп жатқан мәдени көпшілік іс-шараларға қатыса жүріп, өзінің талантымен жұртшылыққа таныла білді. Институт көлеміндегі іс-шараларға белсене араласқаны үшін бірнеше мақтау грамоталарымен марапатталып, 1989-1990 жылдар аралығында Шымкент қаласындағы Дзержинский аудандық кеңесіне депутат болып сайланды. Тұңғыш рет Ордабасы аудандық оқу бөліміне қарасты Бадам елді мекенінен аудандық ақындар мектеп-интернатын ашып, басшылық жасады.

1992 жылдан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент институтында оқытушы қызметін атқара жүріп, ғылыми жұмыстарымен айналысты, осы бағытта «Қазақ шешендік өнерінің көркемдік-тағылымдық мәні» атты кітабы жарық көрді. Облыстық, республикалық, халықаралық айтыстарға қатысып, жұртшылыққа танылды.

2005-2006 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармада бас маман, 2006-2007 жылдары ҚР Техникалық реттеу және метрология басқарамасы комитетінің ОҚО бойынша бас маманы қызметін атқарды. Бірнеше жыл №33 «Ақбота» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі, облыстық салт-дәстүр орталығы басшысының орынбасары қызметтерін атқарды.

2001 жылы Елбасының «Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы», 2011 жылы «Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығы» медальдерімен марапатталған. 2006 жылдың наурызында өзі туып-өскен Бәйдібек ауданының Құрметті азаматы атанды. 2007 жылы 26 сәуірде «Қазақ шешендік өнерінің көркемдік тағылымдық мәні» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды.

ЕСЖАНОВА МАРЖАН БЕКЖАНҚЫЗЫ

айтыскер ақын, филология ғылымдарының кандидаты



Есжанова Маржан Бекжанқызы 1971 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы), Отырар ауданы, Шілік ауылында дүниеге келді. 1995 жылы ХҚТУ Шымкент институтының филология факультетін бітірген. Мектеп қабырғасында жүргенде алғаш рет аудандық оқушылар айтысына қатысып, бас жүлдені иеленген. 1989 жылдан бастап аудандық, облыстық, республикалық айтыстарға қатысқан.

Еңбек жолын М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының «Қазақ әдебиеті» кафедрасында лаборант болып бастады. 1990 жылы студенттердің облыстық айтысында бас бәйгені жеңіп алды. М.Мақатаевтың 60 жылдығы, Н.Оңдасыновтың 90 жылдығы, Молда Мұсаның 150 жылдығы, Райымбек батырдың 300 жылдығы т.б. республикалық деңгейдегі айтыстарға қатысып жүлделі орындарды иеленді. 2005 жылы Байқоңыр қаласында өткен «Ұшқыр ойлар» атты республикалық айтыста бас жүлдені жеңіп алған. 2006 жылы ақпан айында Ақтау қаласында өткен «Асқарға баста – Ақорда» атты республикалық айтыста бас бәйгені иеленген. 2006 жылы 27-28 қазанда Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында өткен Ж.Қуанышбаевтың 110 жылдығы мен Желтоқсан оқиғасының 20 жылдығына арналған халықаралық айтыста жүлделі 1-орынды жеңіп алған.

М.Есжанова 1997 жылдан бастап «Қазақ поэзиясындағы Желтоқсан оқиғасының көрінісі» атты ғылыми жұмыспен айналысып, кандидаттық диссертациясын табысты қорғады. Ғылыми жұмысына қатысты халықаралық конференцияларда, республикалық ғылыми басылымдарда бірнеше мақалалары шыққан. 2006 жылы облыс әкімінің шешімімен «Жылдың ең үздік ақыны» атанды. 2007 жылы бастап дарынды балаларға арналған Б.Өтеп атындағы «Өнер» мектеп-интернатының директоры қызметін атқаруда.

2007 жылы облыстық мәслихаттың Алғысхатымен, 2012 жылы «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен, 2015 жылы ҚР «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен, 2016 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 25 жыл» мерекелік медалімен, 2020 жылы «Құрмет» орденімен марапатталған.



ЖАППАРҚҰЛОВА АНАР ӘБУСАЙЫЛҚЫЗЫ
айтыскер ақын, филология ғылымдарының кандидаты

Жаппарқұлова Анар Әбусайылқызы 1977 жылы 21 мамырда қазіргі Түркістан облысы Отырар ауданы Шәуілдір ауылында дүниеге келген.

1994 жылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент филиалының филология факультеті қазақ тілі және әдебиеті мамандығына оқуға түсіп, 1998 жылы қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы біліктілігін алған.

Еңбек жолын 1998-2000 жылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институты Филология факультеті қазақ әдебиеті кафедрасының ізденушісі болып бастаған. 2000-2006 жылдар аралығында «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы және СМЖ бөлімінің басшысы, 2017 жылдан 2020 жылдың 6 ақпанына дейін ОҚМПУ Филология факультетінің деканы, 2020 жылдың ақпан айынан бастап Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасының директоры болып жұмыс атқаруда.

Республикалық «XXI ғасыр оқытушысы» байқауының II орын иегері, республикалық, халықаралық айтыстардың жүлдегері. 1999 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының рухани-мәдени саласы мен өнерінің дамуына лайықты лайықты үлес қосқаны үшін «1999 жылдың ең үздік суырып салма ақыны» атағы берілді. 1998 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің «Зерде» стипендиясының иегері атанып, «ҚР Тәуелсіздігіне – 25 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының мүшесі.

2004 жылдан бастап филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, академик Р.Бердібайдың жетекшілігімен Майлықожа Сұлтанқожаұлының шығармашылық мұрасын зерттеуді қолға алды. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 2010 жылы 22 қазанда М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институтында «Майлықожа Сұлтанқожаұлының шығармашылық мұрасы» атты тақырыптағы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, филология ғылымдарының кандидаты атағын алды.

«Ана тілім – ардағым» республикалық айтысында I орын (Астана 1999), Алпамыс батыр дастанының 1000 жылдығына орай өткізілген Халықаралық айтыста Бас жүлде (Жетісай), О.Бөкейдің 60 жылдығына арналған «Мұзтаудың мұзбалағы» республикалық айтысында Бас жүлде (Өскемен) иеленді. Түркістан қаласының 1500 жылдығына және Домалақ Ана құрметіне арналған республикааралық айтыста II орын (2000), Республикалық «Наурыз» айтыста III орын (Шымкент, 2004), Н.Оңдасыновтың 100 жылдық мерейтойына арналған республикалық айтыста II орын (Түркістан), Ж.Жабаевтың 160 жылдығына арналған республикалық «Наурыз» айтыста III орын (Шымкент, 2006), Желтоқсан көтерілісінің 20 жылдығына, Ж.Қуанышбаевтың 110 жылдығына орай өткен халықаралық айтыстарда II орын (Жамбыл облысы), М. Мерәліұлының 165 жылдығына арналған Халықаралық айтыста III орын (Орал), Республикалық ақындар айтысында III орын (Шымкент, 2007), Бекзат Саттархановтың туған күніне орай ұйымдастырылған «Ұлт намысы – менің намысым» облыстық ақындар айтысында Бас жүлдені жеңіп алды. Созақ ауданының 80 жылдығына орай

ұйымдастырылған «Сырлы Созақ сырлары» атты республикалық айтыста II орын (2008), Р.Бердібайдың 80 жылдығына орай Түркістан қаласында өткізілген республикалық айтыста I орын, ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығы мен Қ.Мұңайтпасовтың 140 жылдығына арналған халықаралық айтыста II орынды (Темірлан, 2011) иемденді.

2014 жылы Ташкент қаласында өткізілген халықаралық ақындар айтысында 2-орынды, 2015 жылы Бішкекте өткізілген Халықаралық суырыпсалма ақындар айтысында жүлделі 1-орынға ие болды. 2016 жылы Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған халықаралық ақындар айтысында Бас жүлде, Автокөлікті жеңіп алды. 2017 жылы Атырау қаласындағы Халықаралық айтыста жүлделі 1-орынды, 2018 жылы Қырғызстан Республикасы Бішкек қаласында өткізілген «Көшпенділер өркениеті» атты халықаралық ақындар айтысында жүлделі 2-орынды, 2018 жылы Атырау облысы Құлсары қаласында өткізілген республикалық ақындар айтысында жүлделі 3-орынды жеңіп алды.

«Жаса Қазақстан», «Лебізің», «Студенттерге», «Қайырлы таң, Алматы», «Бақытты бол», «Өмір жолдары» т.б., көптеген танымал әндердің мәтін авторы. Қазақ авторлар қоғамының мүшесі.

ЖОРАБАЕВА АЛТЫНАЙ ҚҰЛАЖАНҚЫЗЫ
әнші, республикалық, халықаралық байқаулардың лауреаты



Жорабаева Алтынай Құлажанқызы 1978 жылы 28 қазанда қазіргі Түркістан облысы, Төле би ауданы, Бейнеткеш ауылында дүниеге келген. 1995 жылы 1 мамыр орта мектебін тәмамдап, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өнер факультетіне оқуға түседі. Университетті 1999 жылы бітіріп, сонда 2 жыл оқытушылық қызмет атқарады. Алтынай Жорабаева үлкен сахнаға алғаш рет 1997 жылы шығып, облыстық «Арай» байқауында жүлдегер, республикалық «Жас қанат-97»

байқауында дипломант атанған.

2001 жылы Алматыдағы XII Халықаралық «Азия дауысы» байқауында, 2004 жылы Болгарияның Варна қаласындағы XII Халықаралық «Discovery» байқауында, 2005 жылы Мысырдың Каир қаласындағы II Халықаралық «Александрия» ән байқауында лауреат болды.

Алтынай Жорабаеваның алғашқы аудиоальбомы 2002 жылы «Арманыма ғашықпын» деген атпен шыққан болатын. «Өмір-өзен» атты алғашқы жеке концертті 2004 жылы «Қазығұрт» өнер орталығының ұйымдастыруымен Алматыдағы Республика сарайында өтті. «Жүрші сәулем ауылға», «Елімнің жүрегі – Астана» ұнтаспа альбомдары мен «Өмір-өзен» атты бейнетаспа альбомы жарыққа шықты.

ОҚМПУ түлегінің жеткен жетістіктері аз емес. 2001 жылы X Халықаралық «Азия Дауысы» фестивалінің лауреаты, 2004 жылы Латвияның Юрмала қаласында өткен «Янтарная звезда» ән байқауының бас

жүлдегері. 2004 жылы ҚР Үкіметінің «Дарын» жастар сыйлығының иегері атанды. 2006 жылы «ҚР Еңбек сіңірген қайраткері» атағымен марапатталды. 2008 жылы Қазығұрт ауданының Құрметті азаматы, 2013 жылы Төлеби ауданының Құрметті азаматы атанды. 2016 жылы «Құрмет» орденімен, 2016 жылы ТМД елдерінің «Мәдениет пен өнердің дамуына сіңірген еңбегі үшін» алтын медалімен, 2021 жылы «Жаңғырған Қазығұрт» атты «Қазығұрт» фольклорлық әдет-ғұрып ансамблінің 25 жылдық кешінде өз өнерін паш етіп, «ОҚМПУ-ға – 80 жыл» төсбелгісімен, 2021 жылы «Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы» атты төсбелгімен марапатталды.

Қазіргі уақытта Астана филармониясында қызмет атқарады.



САТТАРХАНОВ БЕКЗАТ СЕЙІЛХАНҰЛЫ
(1980-2020)

қазақстандық боксшы, Олимпиада чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстанға еңбек сіңірген спорт шебері

Саттарханов Бекзат Сейілханұлы 1980 жылы 4 сәуірде Түркістан қаласында дүниеге келген. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін бітірген.

1995 жылы 15 жасында Түркістан қаласында өткен З. Сейітбековты еске алу турнирінде тұңғыш рет топ жарған, дәл сол жылы жасөспірімдер арасындағы халықаралық жарыста жеңімпаз атанып, бапкерлер көзіне түсе бастайды. 1996 жылы Қостанай қаласында өткен бокстан жастар арасындағы ҚР ішкі біріншілігінде чемпион атанып, шымкенттік Анатолий Визириякин атты бапкердің қарамағына өтіп, облыс орталығындағы мектеп-интернатта жаттыға бастайды.

1997 жылы Қарағанды және Германияның Кельн қалаларында өткен халықаралық турнирлерде жеңіске жетіп, Олимпиадаға даярлау облыстық орталығына қабылданады. 1998 жылы Аргентинада өткен жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатында күміс жүлдегер атанды. Қостанай қаласында өткен жарыста Марат Мәзімбаевтан ұтылып қалғанымен, бапкерлер сенімінен шығып, ұлттық құрамаға қабылданады. Түркістан қаласында Әбдісәлан Нұрмахановтың құрметіне өткен халықаралық

турнирде жеңімпаз атанып қоймай, жарыстың ең үздік боксшысына берілетін сыйлыққа ие болады.

Сағадат Нұрмағамбетов атындағы халықаралық турнирдің жеңімпазы атанады. Таиландта өткен Азия біріншілігінде жүлдегер қатарына ілігеді. 1999 жылы Венгрия және Болгарияда өткен халықаралық турнирлерде оза шауып, Ташкентте өткен Азия біріншілігінде күміс жүлдеге қол жеткізеді. Дәл осы күміс жүлдесімен бірге Сидней Олимпиадасының жолдамасына да ие болады. Бекзаттың қысқа ғұмырында 2000 жыл тек Сидней Олимпиадасындағы жеңісімен ерекшеленбейді. Ол мұхиттың арғы бетіндегі төртжылдық додасына аттанғанға дейін Қырғызстанда өткен Орта Азия ойындарында, Испанияда жалауы желбірген халықаралық жарыстарда жеңіс тұғырына көтеріледі. Астана қаласындағы «Қазақстан-Куба» кездесуінде қарсыласын айқын басымдықпен жеңіп, Мәскеудегі ТМД елдерінің біріншілігінде 4 жүлдемен қатар, сайыстың үздік боксшысы деген атақты еншілейді.

2000 жылы Сидней Олимпиадасында қарысластарынан басым түсіп, еліміздің қанжығасына алтын медаль байлайды.

Сидней Олимпиадасындағы жеңісі үшін ҚР президенті Нұрсұлтан Назарбаев Бекзат Саттархановқа I дәрежелі «Барыс» орденін табыс етті. Тарихта Бекзат «Барыс» орденінің тұңғыш иегері ретінде де қалды.



ДІЛДӘБЕКОВ МҰХТАРХАН ҚАБЫЛАНБЕКҰЛЫ

боксшы, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері

Ділдәбеков Мұхтархан Қабыланбекұлы 1976 жылы 19. наурызда қазіргі Түркістан облысы, Мақтарал ауданы, Абай ауылында дүниеге келген.

1994 жылдан бокспен айналыса бастады. Алғашқы жаттықтырушысы – ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Нұрғали Сафиуллин. 1996 ж. Ташкент қаласында өткен С.Джексон атындағы халықаралық турнирде ауыр салмақта (91 кг-нан жоғары) жеңіс тұғырына көтеріліп, спорт шебері атанды.

2001 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін бітірген.

1998-2000 жж. Шымкент қаласындағы «Локомотив» ЕССК әдіскер-нұсқаушы, 2000-2007 жж. ОҚО Жоғары спорт шеберлігі мектебінің

жаттықтырушысы, 2008 жылдан Оңтүстік Қазақстан облысының бокстан Олимпиада резервін дайындайтын балалар мен жасөспірімдердің мамандырылған спорт мектебінің директоры.

Үш рет Қазақстанның (1997, 1998, 1999), Бангкокте өткен XIII Азия ойындарының (1998) чемпионы, Қазақстан-Куба боксшыларының жолдастық кездесуінің (1998) және Варшавада (Польша) өткен Ф.Штамм атындағы халықаралық турнирдің (1999) жеңімпазы, Дүниежүзілік чемпионаттың (1999, Хьюстон, АҚШ), XXVII Олимпия ойындарының (2000, Сидней, Австралия) күміс жүлдегері, 1999 жылдың ең үздік спортшысы.

Ділдәбеков Мұхтархан Қабыланбекұлы – аса ауыр салмақта Олимпиада ойындарының (2000) және әуесқой бокстан Әлем чемпионатының (1999) күміс жүлдегері, «Парасат» орденінің иегері (2000).



АСАДІЛОВ ДАРХАН ӘБСАДЫҚҰЛЫ

Токио-2020 Олимпиадасының қола жүлдегері, карате бойынша екі дүркін Әлем чемпионы, Азия чемпионы

Асаділов Дархан Әбсадықұлы 1987 жылы 8 тамызда қазіргі Түркістан облысы, Сарыағаш ауданында дүниеге келген.

2008 жылы Токиодо өткен каратеден Әлем чемпионатында күміс медаль, 2009 жылы Тайваньда өткен Бүкіләлемдік ойындарға ерлер кумитесі бойынша жарысқа қатысып, нәтижелі ойын көрсеткен.

2011 жылы Гуанчжоуда (Қытай) өткен каратеден Азия чемпионатында өзінің салмақ дәрежесінде күміс медаль жеңіп алды, ал 2017 жылы Астанада (Қазақстан) өткен Азия чемпионатында командалық кумите бойынша қола медаль жеңіп алды. 2018 жылы Мадридте (Испания) каратеден Әлем чемпионатында 60 келіге дейінгі ерлер арасындағы кумите жарысында қола медальдардың бірін жеңіп алды.

Асаділов Дархан Әбсадықұлы 2020 жылы Токиода (Жапония) өткен 2020 жылғы Жазғы Олимпиада ойындарында карате жарыстарында Қазақстанның атынан өкілдік ету құқығын алды. Ол 67 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде жарысқа қатысып, қола медаль алды. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті Дене шынықтыру және спорт мамандығының түлегі, «Құрмет» орденінің иегері Асаділов Дархан Әбсадықұлын мақтан тұтады.

СЕЙІТМАН СЕРІК МЫҚТЫБЕКҰЛЫ

белгілі ақын, Төлеген Айбергенов атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты



Сейітман Серік Мықтыбекұлы 1982 жылы Түркістан облысы Отырар ауданында дүниеге келген. 1999 жылы Отырар ауданы Шытты ауылындағы А.Дәрібаев атындағы орта мектепті, 2003 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент бөлімінің филология факультетін, 2008 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің магистратурасын, 2021 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторантурасын бітірді. Алаш әдебиетіне байланысты диссертациялық еңбегін қорғауға дайындық үстінде.

2006-2018 жылдар аралығында Қазақ радиосында редактор-жүргізуші, шолушы, «Руханият» бас редакциясы Бас редакторының орынбасары, «Шалқар» ұлттық радиосының Бас редакторы, Қазақ радиосының директоры, «Қазақ радиолары» ЖШС Бас директорының орынбасары қызметтерін атқарды. 2018-2021 жылдары докторантурада оқи жүріп, «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында қолға алынған «Тұлпар мініп, Ту алған» ұлттық жобасының жетекшісі, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жастар театрында Әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды. Қазір ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институтының бөлім басшысы.

Серік Мықтыбекұлы – көптеген радиобағдарламалар мен мегажобалардың авторы, жетекшісі. Атап айтқанда, 2014-2017 жылдар аралығында «Шалқар» ұлттық радиосының Бас редакторы ретінде жасаған имидждік роликтері көркемдік сапасы жоғары, ұлттық бояуы қанық дүниелер болды. «Жаншуақ», «Жерұйық», «Темірқазық» этноэнциклопедиясы, «Ән-ғұмыр», «Күй-ғұмыр», «Отанды сүю», «Сөз патшасы», «Тәуелсіздік шежіресі», «Өнегелі отбасы», «Шабыт» радиотеатры, «Отырар кітапханасы», «Қазақ хандығы» сынды жаңа хабарлар мен «Аударыспақ», «Жамбы ату», «Теңге ілу», «Арқан тартыс» секілді ұлттық ойындардың атымен аталған радиоойындар, сондай-ақ «Дәстүр», «Бесігінді түзе», «Күй-шежіре», «Наридірген», «Назқоңыр», «Әлқисса», «Біздің елдің жігіттері», «Бастаңғы» секілді ұлттық маңызы бар хабарлар қайта жаңғырды.

Басшылық қызметте жүріп жасаған «Қазақты сүю», «Зиялы қауым», «Мәдени мұра», «Парыз», «Көркемдік кеңес», «Тамшы», «Айдында жүзген ай сәуле» бағдарламалары бүгінде «Алтын қордың» қазынасына айналды. Бірнеше қоғамдық ұйымдардың, Қазақ радиосы көркемдік кеңесінің (2012-2018 жж.), Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Авторлар қоғамының

мүшесі, Халықаралық «Қазақ Тілі» қоғамының Құрметті мүшесі бола жүріп, «Қырсық қызға қолтаңба», «Қазақтың қаны», «Қарашаңырақ», «Домбыра», «Қамшының сабы» атты жыр жинақтары жарық көрген. Оның ішінде «Домбыра», «Қамшының сабы» кітаптары мемлекеттік тапсырыспен шыққан. Бірнеше өлеңіне әндер жазылған ақын Серіктің 2018 жылы ел астанасындағы Бейбітшілік және келісім сарайында авторлық кеші өтіп, халықтың ыстық ықыласына бөленді.

Сейітман Серік Мықтыбекұлы – «Жас тұлпар-2014» Республикалық сыйлығының иегері, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің жеңімпазы, Төлеген Айбергенов атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты, «Қазақ Хандығына – 550 жыл», «Қазақстан Тәуелсіздігіне – 25 жыл» мерекелік медальдерінің, Қазақстан Авторлар қоғамының лауреаты сынды марапаттардың иегері.



ЖАНДАРБАЙ ЕРЛАН ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

опера әншісі, республикалық, халықаралық байқаулардың лауреаты

Жандарбай Ерлан Жұмаділдәулы қазіргі 1982 жылы қазіргі Түркістан облысы, Отырар ауданы, Көксарай елді мекенінде дүниеге келген. 1989-1999 жж. аралығында аталмыш өңірдің М.Әуезов атындағы орта мектебінде оқып жүргенде ұстазы Салман Төлендиевтің жетекшілігімен әншілік өнерімен қоса ұйымдастырушылық қабілетімен аудан, облыс, республика көлемінде өткен түрлі өнер байқаулары мен мектепаралық жарыстарға және мәдени іс-шараларға белсене араласып, арнайы жүлделермен марапатталды.

1991 жылы «Әнші балапан» аудандық ән байқауына қатысып, дипломант және арнайы сыйлыққа ие болса, 1994 жылы «Гүлдер» лагерінде өткен Жігіт сұлтаны сайысында бас жүлдені жеңіп алды.

1998 жылы аудандық мектепаралық іріктеуден өтіп, республикалық «Қобыз пірі – Қорқыт, Күй атасы – Құрманғазы» атты өнер фестиваліне қатысып, лауреат атанып, мектептің абыройын республика көлемінде асқақтатқан болатын. Арнайы аудандық білім басқарма басшысының қабылдауында болып, Алғысхатпен марапатталды.

2000-2004 жж. Шымкент қаласы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Өнер» факультетінде оқып, музыка пәнінің мұғалімі бакалавры біліктілігін алды. Аталмыш университеттің бірінші

курсынан бастап «Қазығұрт» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің жетекшісі Ұлбосын Тәжібайқызы және музыкалық жетекшісі Ләззәт Әріпбайқызының ұйғаруымен ансамбльдің құрамына әнші және қобызшы болып қабылданды. Ансамбль құрамында жүріп республикалық, халықаралық деңгейдегі көптеген мәдени іс-шараларда өнер көрсетті. Атап айтсақ: 2001 жылы «Ынта» факультетаралық ән байқауында 1-орынды, 2002 жылы Шәмші Қалдаяқов атындағы халықаралық ән байқауында 2-орынды иеленіп, лауреат, 2003 жылы республикалық «Арай» республикалық ән байқауында дипломант атанды.

Университет жанынан құралған «Бәйтерек» жастар ұйымының құрамында жүріп, студенттер арасында өткен түрлі іс-шараларға белсенді араласты және сол ұйымның ұсынысы бойынша ақын Серік Сейтманмен бірігіп, «Бәйтерек» жастар гимнін жазды.

2004-2008 жылдары аралығында Түркістан қалалық мәдениет үйінің әншісі, Түркістан қалалық сазды драма театрында оркестр әртісі, Түркістан қаласының педагогикалық колледжінде, Халықаралық қазақ-өзбек университеті Түркістан бөлімінде «Музыка» пәндерінің мұғалімі, 2005-2008 жылдар аралығында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Спорт және өнер» факультеті «Вокалдық өнер» мамандығы бойынша ҚР Халық әртісі, профессор Р.Т.Жұбатурованың сыныбынан екінші жоғарғы бакалавр біліктілігін алды.

2008-2009 жж. Марио дэль Монако, Рената Тебальди атындағы халықаралық опера әншілері академиясында атақты ұстаз Марио Мелани, Алла Симони, Донг Иль Жанг сияқты әлем шеберлерінің сыныптарынан мастер-класс алды.

2009 жылы облыстық опера және балет театрының солисті болып жұмысқа қабылданды. Театрда Ахмет Жұбановтың «Абай» операсында Айдардың, Мұқан Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсында Біржанның, Еркеғали Рахмадиевтің «Қамар сұлу» операсында Ахметтің, Е.Брусилковскийдің «Қыз Жібек» операсында Төлегеннің рөлін сомдады.

2012 жылы Қазақстан Театр қайраткерлері одағының ұйымдастыруымен жыл сайын республикамыздың 52 театр аралығында өтетін жыл үздіктерін анықтайтын «Еңлікгүл» байқауында «Жылдың опералық партиясы» бойынша үздік атанып, арнайы төсбелгімен, 2017 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Қазіргі уақытта Стамбул университеті мемлекеттік консерваториясының магистратура бөлімінде білім алуда.



БЕКТАЕВА ЖАНАР ӘЛБЕКҚЫЗЫ

Бектаева Жанар Әлібекқызы 1982 жылы Жамбыл облысы, Қаратау қаласында дүниеге келген. 2003-2006 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде саясаттанушы мамандығы бойынша білім алып, 2017 жылы Алматы экономика және статистика академиясының «Экономика және бизнес» факультетін тәмамдаған.

Еңбек жолын 2004-2006 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институты «Саясаттану» кафедрасының оқытушысы болып бастаған.

2006-2013 жылдары аралығында ОҚО Ішкі саясат департаменті талдау және мониторингі бөлімінің бас маманы қызметінен бастап, 2013-2014 жылдары ОҚО Ішкі саясат басқармасының ақпараттық саясат және БАҚ мониторинг бөлімінің басшысы, 2015-2016 жылдар аралығында ОҚО Ішкі саясат және дін істері басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарған.

2016-2018 жылдары ОҚО Түлкібас ауданы әкімінің орынбасары, 2019 жылдың қаңтар айынан Шымкент қаласы Ішкі саясат және дін істері басқармасы басшысының орынбасары қызметінде болған. Шымкент қаласы әкімінің 2019 жылғы 22 тамыздағы өкімімен Шымкент қаласы Ішкі саясат және дін істері (жастар істері жөніндегі) басқармасы басшысы лауазымына тағайындалды. 2021 жылдың 21 қаңтарынан бастап «Nur Otan» партиясы Шымкент қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет атқарды.

Қазіргі таңда «АМАНАТ» партиясы Шымкент қалалық филиалының атқарушы хатшысы қызметінде.



ҚАЖЫМҰҚАНОВ БАҚЫТЖАН ЖАНАДІЛҰЛЫ

Қажымұқанов Бақытжан Жанаділұлы 1971 жылы 9 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы) Ордабасы ауданы, Төрткөл ауылында дүниеге келді. Атасы Қажымұқан Мұңайтпасұлы – қазақ халқының маңдайына біткен, қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой палуаны. Палуанның немересі Қажымұқанов Бақытжан 1987 жылы Шымкент қаласындағы музыкалық-саз колледжінің фортепиано класына түсіп, 1995 жылы концертмейстер, музыка мектебінің оқытушысы мамандығы бойынша бітіріп шықты. Ең алғашқы сазгерлік туындылары осы колледж қабырғасында дүниеге келген. Қажымұқанов Бақытжан 1995 жылы бірнеше облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иеленді.

2006 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін музыка мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шықты.

1996-2007 жыл аралығында «Гүлдер» эн-би ансамблінде орындаушы-вокалист болып жұмыс жасады. ОҚО «Арай» өнер байқауында бас жүлде, «Ең үздік сазгер» номинациясы бойынша жеңімпаз; Республикалық «Жас қанат» байқауында жүлделі 2-орынды және «Ең үздік сазгер» атағын алды. Халықаралық «Азия дауысы» байқауында жүлделі 3-орын мен «Ең үздік сазгер» номинациясын жеңіп алды.

2012 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

2019 жылы Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында режиссер Болат Қалымбетов түсірген қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев туралы «Мұқағали» көркем фильмінде басты рөлдердің бірі, ақынның досы, талантты сазгер – Нұрғиса Тілендиевтің рөлін, алып күш иесі Қажымұқан Мұңайтпасовтың 150 жылдығына орай палуанның өткен өмірі туралы режиссер Қанағат Мұстафиннің «Қажымұқан» көркем фильмінде ақынның бейнесін сомдады.

Бақытжан Қажымұқанов 2018 жылдан бастап Ж.Елебеков атындағы Республикалық эстрада және цирк колледжінде концертмейстер болып жұмыс атқарып келеді. Көптеген шәкірттері Қазақстанның түкпір-түкпірінде өнер көрсетіп жүр.



АБЗАЛОВ ҚАЖЫМҰҚАН

*айтыскер ақын, республикалық, халықаралық
айтыстардың жеңімпазы*

Абзалов Қажымұқан 1988 жылы қазіргі Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Шаян ауылында дүниеге келген. Шымкент қаласындағы дарынды балаларға арналған «Өнер» мектеп-интернатын бітірді. Мектепті үздік бітіріп, 2006-2010 жж. аралығында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Саз және ән айту» мамандығын оқып бітірді. Студенттік шақтардан үлкен жыр додаларына араласқан. Атап айтсақ: Сүлеймен Демирел атындағы

университетінде өткен «Тәуелсіздік көктемi-2010» университетаралық жас ақындар айтысында 3-орын, «Байқоңыр космодромына-50 жыл» «Ұшқыр ойлар» республикалық ақындар айтысында 2-орын, Бәйдібек ауданында өткен Көпбай атындағы облыстық айтыста 1-орынды иеленді.

Республикалық «Наурыз-2014» айтысында 1-орын, Сұлтанбек Қожановқа, Тұрар Рысқұловқа-120 жыл, Саттар Ерубасевқа-100 жыл, Балұан шалаққа-150 жыл тақырыптарында айтысқа қатысшы, 2014 жылы Ташкент қаласында өткен Әйтеке биге-370 жыл толуына орай өткен «Біз бір халықпыз» айтысында 2-орын, «НұрОтан» ХДП 15 жыл толуына орай «Шырайлы, шежірелі құтты мекен» республикалық айтысында 2-орын, 2015 жылы Шымкент қаласында өткен «Көк тудың желбірегені» республикалық ақындар айтысында 2-орын, Қызылорда қаласында өткен «Мәңгілік ел – мәртебем» республикалық ақындар айтысында I-орын иегері атанды

«Жас Отан» жастар қанаты ұйымынан, облыстық мәдениет басқармасының Дипломдары мен Алғысхаттарымен, ҚР Спорт және Мәдениет министрінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Халық ақыны Көпбай Омаров атындағы жүлденің иегері.

Қазіргі таңда Қаратау дәстүрлі өнер мектебінің ұстазы. Шәкірттері талай үлкен додаларда топ жарып, облысқа абырой әкелуде.



БАЙТУОВ БІРЖАН ҚАНИҰЛЫ

айтыскер ақын, ҚР «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты

Байтуов Біржан Қаниұлы жылы 1990 қазіргі Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Майбұлақ ауылында туған. 2013 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін әлеуметтанушы, 2017 жылы Оңтүстік қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетін филолог мамандығы бойынша бітірген. Әлеуметтік ғылымдар магистрі.

2012-2013 жылдар аралығында «Эксклюзивфарм» компаниясының маркетинг бөлімінің басшысы, 2013-2014 жылдары ОҚО, мәдениет басқармасының қызметкері, 2014-2015 жылдары Отырар облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының «Өнер» бөлімінің басшысы, 2015-2017 жылдары Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, 2017-2021 жылдары Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Айтыс» орталығының жетекшісі қызметтерін атқарған. 2021 жылғы ақпан айынан бастап Шымкент қалалық білім басқармасына қарасты «Қаратау» дәстүрлі өнер мектебінің директоры.

Бірнеше республикалық және халықаралық айтыстардың жеңімпазы. Атап айтқанда, «Наурыз» республикалық ақындар айтысының бас жүлдегері (2007), Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 150 жылдығына арналған республикалық айтыстың 1-орын иегері (2008), Атырау облысының 80 жылдығына арналған республикалық айтыстың бас жүлдегері (2009), Төле бидің 350 жылдығына арналған республикалық айтыстың бас жүлдегері. (2013), Әйтеке бидің 375 жылдығына арналған халықаралық айтыстың бас жүлдегері (2014), Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған республикалық айтыстың бас жүлдегері (2015), Халық ақыны Үмбетәлі Кәрібаевтың 175 жылдығына арналған халықаралық айтыстың (2016), «Көк тудың желбірегені» атты республикалық ақындар айтысының (2017), Халық ақыны Орынбай Таймановтың 150 жылдығына арналған республикалық айтыстардың Бас жүлдегері (2018).

«Шабыт толқынында», «Айтыстың айдынында» және «Бізден де өтер жиырма бес» атты жыр жинақтарының авторы.

ҚР «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, ОҚО, Шымкент қаласы әкімдерінің Алғысхаттарымен, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 80 жылдық, Халық ақыны Орынбай Тайманов атындағы, «Абай» мерейтойлық медальдерімен марапатталған. ОҚО үздік ақыны (2012), «Жастар» премиясының «Шығармашылық жеңіс» номинациясының жеңімпазы (2015).

Б.Қ.Байтуов – «Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының, «Қаламгер» республикалық ақын-жазушылар бірлестігінің, «Абырой» республикалық авторлар қоғамының, «Айтыс ақындары мен жыршы-термешілерінің» халықаралық одағының, түрлі қоғамдық ұйымдар мен Қоғамдық кеңестердің белсенді мүшесі, көптеген шығармашылық жобалардың авторы.